



ӨНЕРДІҢ СҰЛТАНЫ
7-БЕТ



ҚАНМЕН КЕЛГЕН ҚАСИЕТ
8-БЕТ



Қазақстан Республикасының сайлау учаскелерінен тыс жерде дауыс беру

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне, сондай-ақ сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты дауыс беру күні сайлау учаскесіне келе алмайтын Қазақстан Республикасының азаматтары дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге құқылы.

Ол үшін сайлаушы дауыс беру күні (2026 жылғы 23 тамыз) жергілікті уақытпен сағат 12.00-ден кешіктірмей, өзінің тіркелген аумағындағы учаскелік сайлау комиссиясына барып, болатын жері бойынша дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтініш беруі қажет.

Дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі берілген өтініш негізінде және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін сайлаушыға дауыс беруге арналған бюллетень береді. Дауыс беруге арналған бюллетеньді алу фактісі өтініште сайлаушының қолымен куәландырылады.

Учаскелік сайлау комиссиясының бюллетеньді берген мүшесі оған өзінің қолын қояды, сондай-ақ сайлаушының өтінішіне қол қояды. Дауыс беруді өткізу кезінде сайлаушының ерік білдіру құпиясының міндетті сақталуы қамтамасыз етіледі.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.



ТУРИСТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Шаһар басшысы барлық жобаны сапалы әрі мерзімінде аяқтауды тапсырды

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды жұмыс сапары барысында Үлкен Алматы көлі (ҰАК) маңындағы туристік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған жобалармен танысты.

Сапар кезінде қала басшысына «Алматы – Космостанция» автожолын, сондай-ақ «Алма-Арасан» шипажайына апаратын кіреберіс жолды күрделі жөндеу жобасы таныстырылды. Жоба аясында ұзындығы 26,5 шақырым жол толық жаңартылып, автотұрақ салынады. Бұл көлік қозғалысының қауіпсіздігін арттырып, аталған аумақтағы көлік жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, әкімге Үлкен Алматы көліне апаратын аспалы жол станциясының тұжырымдамасы көрсетілді. Жоба экологиялық таза көлік түрін дамытуға, шаһардың ең танымал туристік орындарының біріне қолжетімділікті арт-

тыруға және табиғи аумаққа түсетін антропогендік жүктемені азайтуға бағытталған.

Сапар барысында Үлкен Алматы көліне апаратын жүргіншілер соқпағын көркейту жобасына да ерекше назар аударылды. Дархан Сатыбалды маршрут бойымен жүріп өтіп, құрылыс-монтаж жұмыстары басталған учаскені аралап көрді.

Жоба аясында ұзындығы 5,3 шақырым болатын заманауи туристік соқпақ салынады. Онда келушілердің қауіпсіз әрі жайлы қозғалысы үшін барлық қажетті инфрақұрылым қарастырылады. Маршрут бойына бағыттаушы белгілер мен ақпараттық стендтер орнатылып,

демалыс орындары, шолу алаңдары, фотоаймақ, күрделі учаскелерде баспалдақтар мен өткелдер, сондай-ақ шағын сәулеттік нысандар орнатылады.

Жобаны жүзеге асыру туристер легін реттеуге, маршруттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, табиғи экожүйеге түсетін салмақты азайтуға және Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында заманауи туристік инфрақұрылым құруға мүмкіндік береді.

Жұмыс сапарының соңында шаһар басшысы барлық жобаны сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. Сондай-ақ, экологиялық талаптардың қатаң сақталуы, табиғи ландшафтың бұзылмауы және туристік инфрақұрылымды дамыту барысында қауіпсіздік пен табиғи мұраны сақтау басты басымдық болуы керектігін атап өтті.

Дана САДЫРҚАН.



ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ:

Партиялардың үгіт-насихат кезеңі басталды

2–13 шілде аралығында Қазақстанның жеті саяси партиясы Орталық сайлау комиссиясына Құрылтай депутаттарын сайлауға қатысу үшін партиялық тізімдерін ұсынды. 14 шілдеден үгіт-насихат кезеңі басталғанға дейін ОСК ұсынылған құжаттарды қарап, үміткерлердің Конституция мен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заң талаптарына сәйкестігін тексеріп, барлық партиялық тізімді ресми тіркеді.



Осылайша 23 тамызға белгіленген Құрылтай сайлауының маңызды кезеңдерінің бірі аяқталып, саяси партиялар сайлауалды науқанның келесі кезеңіне кірісті. 23 шілде, сағат 18.00-ден кейін үгіт-насихат кезеңі басталды.

Сайлаудың құқықтық кезеңі

Партиялық тізімдерді тіркеу кез келген сайлау науқанының ең жауапты құқықтық кезеңдерінің бірі. Бұл рәсімде Орталық сайлау комиссиясы саяси партиялардың құжаттарын қабылдап қана қоймай, әрбір үміткердің заң талаптарына сәйкестігін жан-жақты тексереді. Конституцияға сәйкес Құрылтай депутаттығына үміткер Қазақстанның азаматы болуы, соңғы он жыл бойы ел аумағында тұрақты тұруы және 25 жасқа толуы тиіс. Бұдан бөлек, сайлау туралы заңнамасында көзделген басқа да талаптардың орындалуы міндетті.

ОСК жариялаған мәліметтерге сәйкес, барлық жеті партияның үміткерлері

уәкілетті мемлекеттік органдардың тексеруінен өтіп, заң талаптарына толық сәйкес деп танылған. Соның нәтижесінде партиялық тізімдердің барлығы тіркеліп, үміткерлерге тиісті куәліктер табысталды.

Тіркеу барысында тағы бір маңызды талаптың сақталғаны байқалды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес партиялық тізімдегі әйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың үлесі кемінде 30% болуы қажет. Бұл талап кейінгі жылдары саяси өкілдіктің теңгерімдігін арттыру мақсатында енгізілген еді. Биылғы науқанда барлық партия осы талапты орындады. Тіпті олардың басым бөлігінде әлеуметтік квота заңдағы ең төменгі деңгейден әлдеқайда жоғары болды. Бұл саяси ұйымдардың үміткерлерді іріктеу кезінде инклюзивтілік қағидатына көбірек көңіл бөле бастағанын аңғартады.

Тіркеу рәсінде партиялардың сайлау жарнасына қатысты айырмашылықтар да байқалды. Сайлау туралы заңнамаға сәйкес бұған дейінгі Мәжіліс сайлауында 5%-дан астам дауыс алған «Ауыл», «Ақ жол», «ҚХП», «ЖСДП» және

Respublica партиялары сайлау жарнасын төлеуден босатылды. Ал «Байтақ» жасылдар партиясы бұрынғы сайлауда 2,3% дауыс жинағандықтан, жарнаны жеңілдетілген мөлшерде төледі. «Әділет» партиясы болса барлық үміткері үшін сайлау жарнасын толық төледі.

Бұл айырмашылық партиялардың өткен сайлаудағы нәтижелері қазіргі сайлау процесіндегі құқықтық мүмкіндіктеріне ықпал ететінін көрсетеді. Яғни бұрынғы электоралдық қолдау деңгейі тек саяси тұрғыдан емес, сайлау рәсімдерінің кейбір ұйымдастырушылық қырларына да әсер етеді. Айта кетейік, заңға сәйкес партиялық тізімдегі әр үміткер үшін ең төменгі жалақының он бес еселенген мөлшерінде жарна төленеді.

Партиялар талапқа сай

Тіркелген партиялық тізімдерді талдайтын болсақ, әр саяси ұйым Құрылтай сайлауына өзіндік кадрлық стратегиямен келгені байқалады.

Үміткерлердің саны бойынша ең ау-

қымды тізімді «Әділет» партиясы ұсынды. Партиялық тізімге 186 үміткер енген. Бұл басқа партиялардың көрсеткішінен бірнеше есе көп. Мұндай ауқымды тізім партияның кадрлық резервінің мол екенін және түрлі әлеуметтік топ пен өңірлердің өкілдерін қамтуға ұмтылғанын аңғартады.

Ең ықшам тізімді ЖСДП ұсынған. Партияның 33 үміткері тіркелді. Бұл партияның саннан гөрі іріктелген құрамға басымдық бергенін көрсетеді. Қалған партиялардың тізімдері өз мүмкіндіктеріне сай қалыптасқан. Respublica – 75, ҚХП – 72, «Ауыл» – 69, «Ақ жол» – 63, ал «Байтақ» жасылдар партиясы – 47 үміткерді ұсынған. Мұндай айырмашылық әр партияның ұйымдастырушылық мүмкіндіктері мен кадрлық саясатының ерекшелігін көрсетеді.

Әлеуметтік квота көрсеткіші де назар аударуға тұрарлық. Бұл тұрғыда Respublica партиясы көш бастаған. Оның тізіміндегі әйелдер, жастар мен мүгедектігі бар азаматтардың үлесі – 50,7%. Ал «Әділет» партиясы – 47,3%, ЖСДП – 42,4%, «Ауыл» партиясы – 42%, ҚХП – 41,7%, «Байтақ» – 38,3%, «Ақ жол» партиясында – 34,9% болды.

Әрине, бұл көрсеткіш партиялардың идеологиялық бағытын толық көрсетпейді. Дегенмен, олар саяси ұйымдардың үміткерлер құрамын қалыптастырудағы басымдықтарын аңғартады.

Тіркеу қорытындылары бірнеше үрдісті айқын көрсетті. Біріншіден, барлық партия заң талаптарын толық орындады. Екіншіден, әлеуметтік квота барлық партияда сақталды және көпшілігінде заңдағы ең төменгі деңгейден едәуір жоғары болды. Үшіншіден, партиялар Құрылтай сайлауына әртүрлі көлемдегі тізімдермен қатысып отырғанымен, олардың барлығы сайлау үдерісіне институционалды тұрғыдан дайын екенін көрсетті.

Партиялық тізімдерді тіркеудің аяқталуы енді сайлау науқанының мазмұндық кезеңіне жол ашады. Алдағы уақытта негізгі назар партиялардың сайлауалды бағдарламаларына, кандидаттардың қоғамдық белсенділігіне және сайлаушылармен жүргізілетін үгіт-насихат жұмыстарына ауады. Сондықтан тіркеу кезеңі аяқталғанымен, саяси бәсекеңіз негізгі бөлігі енді басталмақ.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.
Коллаж: Н.ӨРІСҰЛЫ.

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасын іске асыру аясында Алматы қаласының нәтижелерді қолға келтірді. Жаңа оқу жылын мыңдаған жас бала ең жоғары білім сапасы стандарттарына сай келетін заманауи жаңа мектепте бастағалы отыр.

Қазірге дейін Наурызбай, Бостандық, Алмалы және Алатау аудандарында ашылған жаңа мектеп сапалы білім беруге арналған озық технологиялармен жабдықталған. Әрі бұл мектептерде оқу процесі кең кабинеттер мен сабақтарға арналған зертханаларда, интерактивті жабдықтары бар цифрлық сыныптарда және заманауи спорт кешендері мен акт залдарында өтеді.

«Келешек мектептері» ұлттық жобасының аясында Наурызбай ауданында білім инфрақұрылымы қарқынды дамығанын сеніммен айтуға болады. Ішкі миграция мен демографиялық өсімнің нәтижесінде ауданда оқушы орындарына сұраныс әлі де жоғары.

Қазіргі уақытта Наурызбай ауданында 6082 оқушы орны бар 6 жалпы білім беретін мектеп жұмыс істейді. №214 мектеп «Нұрлы Дала» тұрғын үй кешенінде орналасса, бұл маңға жақын №157, №174 және №207 мектептердің

жүктемесі азайды. Бұл шағын аумақтағы жаңа білім ошағында турниктер, бейнебақылау жүйесі орнатылған.

Мектеп құрылысы қарқынды дамып келе жатқан ауданның бірі – Алатау. Мұнда 4 жаңа мектеп ашылып, 7500

оқушыны сапалы білім ортасымен қамтыды. Барлық «Келешек мектептерінде» қауіпсіздік тәулік бойы қамтамасыз етілген, Мәселен, мектептер бейнебақылау жүйелерімен, дабыл түймелерімен жабдықталған, күзет қызметі тұрақты түрде

кезекшілік атқарады. Оқушылар үшін арнайы автобустар қарастырылған, ал мектеп аумақтары бағдаршамдармен, жаяу жүргіншілер өткелімен және «жол бөгеттерімен» жабдықталған.

Алматыда ұлттық жоба аясында салынған алғашқы №97 мектеп 2024 жылдың 1 қыркүйегінде ашылған болатын. «Келешек мектептері» бағыты бойынша 34,8 мың оқушы орнын қамтитын 21 мектеп пайдалануға берілді. Балалардың заман талаптарына сай сапалы әрі тегін білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету аталған ауқымды жобаның басты ерекшелігі саналады.

Қаладағы мемлекеттік 216 мектеп пен 196 балабақшада қауіпсіздік талаптары айрықша назарға алынған. Оларды орталықтандырылған бақылау жүйесіне біріктіріліп, мектеп пен балалардың қауіпсіздігі күндіз-түні бақылауға ұсталған.

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы барлық өңірдегі білім сапасының, білім инфрақұрылымның дамуына жаңа серпін алып келгенін айрықша атай кеткен жөн. Соның ішінде Алматы қаласындағы білім саласының басты қиыншылықтарын еңсеруге үлкен септігін тигізіп отыр.

Рая ЕСКЕНДІР.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ

Болашаққа арналған жоба



«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

Алматыда мемлекеттік органдардың өкілдері, ғылыми қауымдастық, қоғам қайраткерлері мен сарапшылардың басын қосқан «Заманауи қоғамдық құндылықтар жүйесі: басымдықтар мен даму келешегі» атты «дөңгелек үстел» өтті. Қатысушылар технологиялық өзгерістер қарқынды жүріп жатқан, құқықтық мемлекет нығайтып, азаматтық қоғам қалыптасып отырған кезеңде Қазақстанның дамуына негіз болатын құндылықтарды талқылады.

Жиын алғысөзінде Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов қазіргі кезде қоғам терең өзгерістер кезеңін бастан өткеріп жатқанын, сондықтан берік құндылықтар жүйесін қалыптастырудың маңызы ерекше екенін атап өтті. Оның айтуынша, ортақ құндылықтарды бөлісетін әрі қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінетін азаматтарды тәрбиелеу – басты басымдықтардың бірі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық бірегейлігімізді нығайтуға, негізгі құндылықтарды дәріптеуге, ұлттық тарихымызды, тілімізді, мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді насихаттауға ерекше мән береді. Мемлекет басшысы: «Өміршең, келешегі зор идеологиялар мемлекет пен қоғамның ортақ ізденісінің арқасында ғана пайда болады. Біз дәстүрлі құндылықтарымызды қазіргі мәдени үрдістермен үйлестіруіміз керек», – деген болатын. Президенттің бұл сөздері ұлттық мұраны сақтап, оны қазіргі заман талабына бейімдеудің қоғам мен мемлекеттің орнықты дамуының негізі екенін айқын көрсетеді, – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары.

Ал Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын ұлттың рухани конституциясына теңеді. Оның айтуынша, бұл құндылықтар бүгінде қоғамды ұйыстырып тұр әрі мемлекеттің заңды тірегіне айналған.

Бүгінгі басқосуымыздың елдігіміздің рухани тұтастығы мен мемлекеттілік санасын нығайту үшін маңызы өте зор. Ұлы даланың тарихи сабақтастығы конституциялық құндылықтар арқылы Тәуелсіз

ҚОҒАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ел болашағын айқындайды



Қазақстанның рухани, тарихи және құқықтық негіздерін күшейтетін аса маңызды мәселе. Біздің ұлттық болмысымыз, тіліміз, дініміз және дәстүрлі құндылықтарымыз мемлекеттің қорғауындағы басты байлық. Қазақ халқының сан ғасырлық салты, дәстүрі мен әдет-ғұрпы – ұлттың рухани конституциясы іспетті. Үлкенге құрмет көрсету, кішіге ізет білдіру, ата-ананы ардақтау, ақсақалдың батасын алу, парызды жүктеу, үлкеннің алдын кесіп өтпеу, қонақты төрге шығару, сөзге тоқтау, жеті атасын білу, туған жерін қасиеттеу – халқымыздың тәрбиелілігінің алтын өзегі. Бұл құндылықтар ұлтты ұйыстырады, қоғамдағы таптық пен келісімді сақтайды, – деді Мереке Құлкенов.

Жиын барысында Мемлекет басшысы айқындаған қоғамдық дамудың басты идеологиялық бағдарлары – «Заң мен тәртіп» қағидасы, «Адал азамат» тұжырымдамасы, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы, Әділетті Қазақстан, патриотизм мен жауапкершілік, отбасылық тәрбие сынды құндылықтар талқыланды. Мәселен, Философия, саясаттану және дінтану институттың директоры Айгүл Сәдуақасова «Адал азамат» қағидасына

тоқталып, оның маңыздылығы туралы сөз қозғады. Оның айтуынша, бұл қағида бүгінде ішкі моральдық мотивацияға негізделген тұлғаның заманауи моделін білдіреді.

Оның басты мақсаты – адалдықты, жауапкершілікті, заңды құрметтеуді және қоғамдық игілікке қызмет етуді басшылыққа алатын азаматты тәрбиелеу, – деді Айгүл Сәдуақасова.

Сонымен қатар, ол «Адал азамат» қағидасы қазақ философиясының интелектуалды мұрасына, соның ішінде Абайдың «Толық адам» іліміне сүйенетінін атап өтті.

«Тұран» университетінің ректоры Рахман Алшанов саяси мәдениет пен азаматтық жауапкершіліктің маңыздылығына тоқталды. Ол демократиялық институттардың дамуы Конституция мен заңдарға құрмет көрсетусіз және қоғамның ел өміріне белсенді қатысуынсыз мүмкін еместігін атап өтті. Ал әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, заң ғылымдарының докторы Еркін Дүйсенов өз баяндамасын заң үстемдігі мәселесіне арнады. Оның айтуынша, Конституцияда бекітілген «Әділетті Қазақстан» және «Заң мен

тәртіп» қағидаттары мемлекеттік идеология мен қоғамдық өмірдің негізіне айналуы тиіс. Ал заңды сақтау әрбір азаматтың саналы таңдауы болуы қажет.

Талқылау барысында жастардың құндылықтар жүйесін қалыптастыру, азаматтық жауапкершілікті дамыту, отбасы институтын нығайту, экологиялық мәдениет пен адами капиталды дамыту мәселелері де көтерілді. Қоғам қайраткері Бекнұр Қисықов табиғатқа жанашырлықпен қарау азаматтық жауапкершіліктің маңызды құрамдас бөлігі екенін айтса, экономист Айбар Олжай қазіргі экономиканың басты ресурсы білім, кәсіби құзыреттер және адами капитал екенін атап өтті. Жиын қорытындысында қатысушылар Қазақстанның орнықты дамуы рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайтусыз, құқықтық мәдениетті арттырмай, жауапты азаматтарды тәрбиелемей және адами капиталды дамытпай мүмкін емес деген ортақ пікірге келді. Сарапшылардың пікірінше, дәл осы құндылықтар қазіргі қоғам мен елдің болашағының берік негізіне айналуы тиіс.

Досбол АТАЖАН.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

БАСПАСӨЗ ЖИЫНЫ

Тәрбие бар жерде – тәртіп бар



Қаладағы Адам құқықтары жөніндегі бюроның баспасөз орталығында «Қоғамдағы мәдениет пен тәртіптің негіздері және жауапкершілік» тақырыбында баспасөз мәслихаты өтті. Жиынға зиялы қауым өкілдері, заңгерлер, дәрігерлер мен қоғам белсенділері қатысып, қоғамдық орындардағы әдеп мәдениеті, мемлекеттік тілдің қолданысы, әлеуметтік желілердің ықпалы және отбасы тәрбиесінің маңызы жөнінде пікір алмасты.

Заңгер Шолпан Бостанқызы ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігіне ерекше тоқталып, баланың бойына ізгілік, үлкенді құрметтеу, қоғамдық ортада өзін дұрыс ұстау сияқты қасиеттерді сіңіру – отбасының басты міндеті екенін жеткізді. Оның айтуынша, ата-ана балаға материалдық жағдай жасап қана қоймай, оның тәрбиесіне күнделікті көңіл бөліп, дұрыс үлгі көрсетуі қажет. Сонда ғана қоғамда мәдениетті әрі жауапкершілігі жоғары ұрпақ қалыптасады.

Жиында кейінгі уақытта TikTok әлеуметтік желісінде, қоғамдық көліктерде

және басқа да қоғамдық орындарда әдепсіз сөздердің, мәдениетке жат әрекеттердің жиілеп кеткені де сөз болды. Спикерлер мұндай көріністердің жастардың дүниетанымына кері әсер етіп, қоғамдағы жалпы мәдениет деңгейін төмендететінін айтты.

Қоғам белсендісі Феруза Сапар әлеуметтік желілердегі бақылаусыз контенттің салдарына тоқталды.

– TikTok платформасында өрескел мінез-құлықты, балағат сөздерді және адамгершілік құндылықтарына қайшы келетін бейнематериалдарды насихаттайтын

контент көбейген. Мұндай бейнероликтерді кәмелетке толмағандар да еркін қарайтындықтан, олардың санасына теріс әсер етіп, дұрыс құндылықтардың қалыптасуына кедергі келтіреді. Осыған байланысты әлеуметтік желілердегі контентке қойылатын талаптарды күшейтіп, балалардың қауіпсіз ақпараттық ортада тәрбиеленуіне басымдық беру қажет, – деді ол.

Ал педиатр Қалтай Бектасов балалардың психологиялық және эмоционалдық денсаулығына қатысты мәселелерді көтерді. Кейінгі уақытта балалар арасында даму ерекшеліктері мен психологиялық қиындықтарға жиі назар аударылып отырғанын айтып, ата-аналардың балалармен тікелей қарым-қатынасын арттырудың маңызын атап өтті. Оның пікірінше, балалардың ұзақ уақытын әлеуметтік желілерде өткізуі, виртуалды ортаға тәуелді болуы олардың психоэмоциялық дамуына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан дәрігер балалардың бос уақытын пайдалы істерге бағыттап, отбасындағы қарым-қатынасты нығайту қажеттігін жеткізді.

Басқосуда сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту және қоғамдық тәртіпті нығайту бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажеттігі талқыланды. Сонымен қатар, заң талаптарын бұзатын немесе қоғамдық моральға қайшы келетін контентке қатысты жауапкершілікті күшейту мәселесі де назардан тыс қалмады.

Дана САДЫРҚАН.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Жұмыс іздеп жүрсіз бе?

Бүгін, яғни 24 шілде күні, сағат 15.00-де Алматы қаласындағы Almaty Arena кешенінде (мекенжайы: Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Нұркент» шағынауданы, 7) жалпықалалық бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтеді.

Іс-шараны Алматы қаласы әкімдігі мен Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қолдауымен Алматы қаласының Еңбек мобильділігі орталығы ұйымдастырып отыр. Жәрмеңкеге экономиканың түрлі саласынан 100-ден астам жұмыс беруші қатысып, 400-ге жуық вакансия бойынша 2000-нан астам жұмыс орнын ұсынады. Қатысушылар жұмыс берушілермен тікелей кездесіп, бос жұмыс орындары туралы ақпарат алып, еңбек жағдайлары, еңбекақы деңгейі, әлеуметтік кепілдіктер және кәсіби даму мүмкіндіктері жөнінде толық мәлімет ала алады.

Қатысу – тегін. Жұмыс берушілермен кездесуді тиімді өткізу үшін қатысушылар өздерімен бірге түйіндеме алып келгені дұрыс.

Алматы қаласының тұрғындарын жалпықалалық бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне қатысуға шақырамыз!

КӘСІПКЕРЛЕР ҚАЛАСЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында ел экономикасының тұрақты өсімі кәсіпкерлікті дамытуға тікелей байланысты екенін атап өтті. Мемлекет басшысы шағын және орта бизнестің (ШОБ) жалпы ішкі өнімдегі үлесі 40 пайызға жуықтағанын, ал жұмыспен қамту құрылымындағы үлесі шамамен 50 пайызға жеткенін айтты. Сонымен қатар, бұл секторды сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтеру, әсіресе, өндірістік кәсіпкерлікті дамыту алдағы кезеңнің негізгі міндеттерінің бірі екенін жеткізді.

Бүгінде Қазақстанда екі миллионнан астам шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Алайда, олардың небәрі 6 пайызға жуығы ғана өндіріс саласында еңбек етеді. Сондықтан экономиканы әртараптандыру және өңдеуші сектордағы бизнесті қолдау мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты болып қала береді.


2026 жылғы 1 қаңтардағы мәліметке сәйкес, елімізде 2 млн. 360,3 мың шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның ішінде 2 млн. 175,6 мыңы белсенді жұмыс істеп тұр. Жыл басында республика бойынша ШОБ саласында жұмыспен қамтылғандар саны 4 млн. 527,4 мың адамға жетті. Ал 2025 жылдың қорытындысында кәсіпкерлер өндірген өнім мен көрсетілген қызмет көлемі 104,8 трлн. теңге болды.

Белсенді кәсіпкерлік субъектілерінің басым бөлігі – жеке кәсіпкерлер (71,6 пайыз). Шағын кәсіпкерлік заңды тұлғаларының үлесі – 17,1 пайыз, шаруа және фермер қожалықтары – 11,2 пайыз, ал орта кәсіпкерлік субъектілері – 0,1 пайыз.

Іскерлер орталығы

Еліміздегі кәсіпкерліктің негізгі қозғаушы күші саналатын Алматы бұл бағыттағы көшбасшылық орнын сақтап келеді. 2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалада 455 191 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 9,1 пайыз көп. Оның ішінде 403 597 кәсіпорын белсенді жұмыс істеп тұр. Бір жыл ішінде белсенді субъектілер саны 9,7 пайыз артқан.

Ең маңызды көрсеткіштердің бірі – жұмыспен қамту. Қазіргі уақытта Алматыдағы шағын және орта бизнес саласында 1 миллионнан астам адам еңбек етеді. Бұл республикадағы ШОБ секторында жұмыс істейтіндердің шамамен төрттен біріне тең. Бір жыл ішінде қаладағы жұмыспен



қамту көрсеткіші 5,5 пайыз өссе, республика бойынша бұл өсім небәрі 2,3 пайызды көрсетті.

Алматы экономикалық белсенді халықтың ШОБ-та жұмыспен қамтылуы бойынша да бірінші орында тұр. Қалада бұл көрсеткіш 87,2 пайызға жеткен. Кейінгі орындарда Астана (69,8 пайыз) мен Шымкент (54,4 пайыз) орналасқан. Қалған өңірлердің көпшілігінде бұл көрсеткіш 40 пайыздан төмен.

2025 жылдың қорытындысында Алматыдағы шағын және орта бизнес субъектілері 30,6 трлн. теңгенің өнімін өндіріп, қызмет көрсетті. Ал 2026 жылдың алғашқы тоқсанында ғана қаладағы 49 389 шағын кәсіпорын 2,78 трлн. теңгенің өнімін өндіріп, қызмет ұсынған. Бұл кәсіпорындарда 360 мыңнан астам адам еңбек етеді.

Құқығыңды қорға

Кәсіпкерлікті дамыту тек жаңа бизнесті ашумен шектелмейді. Бизнестің тұрақты жұмыс істеуі үшін оның құқықтық қорғалуы да маңызды. Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасының кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және әкімшілік кедергілерді азайту бөлімінің басшысы

Еркебұлан Бейімбеттің айтуынша, кейінгі уақытта тұтынушылар тарапынан құқықты теріс пайдалану жағдайлары жиілеп келеді. Бұл кәсіпкерлерге қосымша қаржылық шығын келтіріп, бизнесті жүргізуді қиындатады.

– Әр адам әрі азамат, әрі тұтынушы. Сондықтан тұтынушылардың құқығын қорғаумен қатар кәсіпкерлердің де заңды мүдделерін ұмытпауымыз қажет. Олар да жосықсыз әрекеттердің салдарынан шығынға ұшырайды, – дейді ол.

Маманның айтуынша, тұтынушылардың 71 пайызы өз құқықтарының бұзылғанын айтқанымен, олардың тек 29 пайызы ғана ресми органдарға жүгінеді. Ал кәсіпкерлердің өздері де құқықтарын қорғаудың заңды тетіктерін толық білмейді.

Ең жиі кездесетін мәселелердің бірі – тауарларды негізсіз қайтару. Кейбір сатып алушылар брендтік киімдерді пайдаланып болған соң, жапсырмаларын алмай-ақ 14 күн ішінде қайта өткізеді. Сондай-ақ, маркетплейстер арқылы сауда жасайтын кәсіпкерлер де үлкен шығынға ұшырап жатады. Кей жағдайда тауарды кері жеткізу құны оның бағасынан асып түседі.

Еркебұлан Бейімбет заңнамаға сәйкес барлық тауар қайтарыла бермейтінін еске салды. Ақауы жоқ тоқыма бұйымдары, іш киімдер, дәрілік заттар, азық-түлік өнімдері, косметика және жеке гигиена құралдары қайтарылмайды. Оның айтуынша, кәсіпкерлер сатып алушылардың талаптарын автоматты түрде қабылдай салмай, қайтарудың заңды негіздерін мұқият тексеруі қажет.

– Егер сатып алушыға тауардың түсі немесе үлгісі ғана ұнамаса, кәсіпкер оны қабылдаудан бас тартуға құқылы. Себебі, тұтынушы тауарды көріп, өз еркімен сатып алады, – деді ол.

Кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлерге құқықтық кеңес беру және олардың заңды мүдделерін сотқа дейінгі тәртіпте қорғау бағытындағы жұмыстарды жалғастырып жатқанын жеткізді. Миллионнан астам адамды жұмыспен қамтып отырған кәсіпкерлік сектор жаңа жұмыс орындарын ашып, бюджет кірісін арттырып қана қоймай, қаланың инвестициялық тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін де күшейтіп келеді.

Дана САДЫРҚАН.

Инфографика: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Фермерлер өндіріс көлемін арттырды

Алматыда дәстүрлі түрде қарқынды дамыған Аөнеркәсіп пен орнықты банк жүйесімен қатар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу саласы да белсенді дамып келеді.

Ресми мәліметке сәйкес, 2026 жылдың алғашқы жартыжылдығының қорытындысында қаладағы ауыл шаруашылығы өнімдері (қызметтері) жалпы шығарылымының көлемі 1 млрд. 958,7 млн. теңге болып, өткен жылдың қаңтар–маусым айларымен салыстырғанда, 113 пайызға жетті.

Биылғы жылдың қаңтар–мамыр айларында Алматының жалпы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1 трлн. 123 млрд. 859,5 млн. теңгеге жетсе, оның ішінде 29 кәсіпорын өндірген азық-түлік өнімдерінің көлемі 144 млрд. 697,12 млн. теңге болған, яғни бұл көрсеткіш – жалпы өнеркәсіп өндірісінің 12,8 пайызы.

Есептік кезеңде Алматыда 825 тонна ет және ет субөнімдері өндірілді. Оның ішінде 554 тоннасы – ірі қара, шошқа, қой, ешкі, жылқы және басқа да тақтұяқты жануарлардың жаңа немесе салқындатылған еті, 222 тоннасы – үй құстарының еті. Сонымен қатар, нарыққа 1245 тонна шұжық және еттен, субөнімдерден өнімдер шығарылды. Бұдан бөлек, 2 тонна ет консервісі мен 446 тонна жаңа, салқындатылған немесе мұздатылған балық өндірілді. АӨК өнімдерін өңдейтін алматылық кәсіпорындар 180 тонна өңделген немесе консервіленген балық өнім-

Алматыдағы ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуші кәсіпорындар биылғы жылдың алғашқы бес айында:

- 523 тонна көкөніс консервісін;
- 1465 тонна маргарин мен тағамдық майларды;
- 878,9 мың литр жеміс-көкөніс шырынын;
- 36 463 тонна өсімдік майын (рафинадталған және рафинадталмаған, оның ішінде күнбағыс майы);
- 41 75 тонна өңделген сұйық сүт пен кілегейді өндірді.

дері мен уылдырық және оның алмастырғыштарын шығарған.

Сондай-ақ, осы кезеңде қаладағы азық-түлік кәсіпорындары 4725 тонна сары май мен сүт спредтерін, 2675 тонна ірімшік пен сүзбені, 20 мың тоннадан астам ұн және 22 мың тоннадан астам піскен нан өндірген.

Урбандалу деңгейінің жоғары болуына қарамастан, Алматыда омарташылықпен және үй жануарларын өсірумен айналысатын шаруашылықтар табысты жұмыс істеп келеді. Қалада мұндай 85 ауыл шаруашылығы құрылымы бар.



Биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығында тұрғындардың жеке шаруашылықтарында 43,4 тонна мал мен құс (тірі салмақта) сойылып, сатылды. Сонымен қатар, 165,1 тонна сиыр сүті, 76,6 мың дана тауық жұмыртқасы өндіріліп, 163 дана ірі және ұсақ мал терісі, 1,2 тонна қой жүні дайындалған.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ЖЕТІСУ АУДАНЫ – 90

90жылдық мерей-тонын табыспен қарсы алып отырған Жетісу ауданы БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз турын ұйымдастырды. Өңірлік коммуникациялар қызметімен бірлесе өткізген баспасөз турында журналистер жүзеге асып жатқан абаттандыру жобаларымен танысып, қоғамдық кеңістіктердің дамуына куә болып қайтты. Әрі қалалық ортаны дамыту ісіне бизнес саласының қалай үлес қосып жатқандарын өз көздерімен көрді.



АБАТТАНҒАН АУДАН

Айтары жоқ, кейінгі жылдары Жетісу ауданы айтарлықтай жаңарды. Мұнда жаңа алаңқайлар бой көтеріп, аулалар түрленді. Тұрғындар серуендеп, еркін демалатын жаңа қоғамдық кеңістіктер ашылып жатыр. Әсіресе, ауданды абаттандырумен қатар қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, көгалдандыру мен тұрғындарды шешім қабылдау үдерісіне тартуға ерекше көңіл бөлінгені байқалады.

Жаңарған саябақ

Арнайы топ алдымен Жангелдин көшесі, №191/14 мекенжайындағы «Жангелдин саябағына» аялдады. Аудан әкімі Ләззат Жылқыбаеваның айтуынша, 2,2 гектар аумақты алып жатқан саябақты жаңарту жұмыстары тұрғындардың өтінішінен кейін қолға алынған. Көктемде ғана мұнда қала басшысының өзі келіп, жасалып жатқан жұмыстармен танысып, бірқатар тапсырма да берген.

– Бұған дейін бұл аумақта ешқандай жаңарту, жөндеу жұмыстары болмаған. Қазіргі жөндеу жұмыстары шамамен тамыз айының соңында бітеді. Мұнда алдымен автоматты суару жүйесі қалпына келтірілді, ол қалалық су жүйесінен емес, резервуарға жиналған су арқылы суаратын болады. Тұрғындардың қауіпсіздігі үшін саябаққа 200-ден астам жарық шамдары мен 20-дан астам бақылау камералары орнатылады. Оларды тікелей полиция департаменті мен біздің аудандық әкімдік тәулік бойы бақылап отырады, – дейді аудан басшысы.

Оның айтуынша, қайта жаңғырту аясында қоғамдық кеңістіктің инфрақұ-

рылымы толық жаңартылуда. Мұнда автоматты суару жүйесі қалпына келтіріліп, балалар ойын алаңы мен жарықтандыру жаңартылады. Сондай-ақ, қаланың дизайн кодына сай берік орындықтар, қоқыс жәшіктері, сәндік жарық элементтері және ақпараттық экран орнатылып, қолданыстағы ағаштарды сақтау мен көгалдандыруға ерекше назар аударылады.

Жарқыраған аулалар

Журналистер «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында абаттандырылған Ратушный көшесіндегі аулаларды аралады. Аудан әкімінің сөзінше, тұрғындар бұл бағдарламаға жыл сайын жоғары белсенділікпен қатысатын көрінеді.

– Былтыр аудан тұрғындарынан 1319 өтініш түске, соның ішінде ең үлкен 25 жоба іріктеліп, жүзеге асырылып жатыр. Соның бірі – Ратушный көшесіндегі осы аулаларды абаттандыру жобасы еді, – дейді аудан әкімі.

Жоба аясында ауладағы балалар және спорт алаңдары толық жаңартылып, жаңа қоршаулар орнатылды, автоматты суару жүйесі іске қосылып, ауқымды көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Демалыс аймақтарының орналасуы мен көгалдандыру шешімдері тұрғындардың ұсыныстары негізінде әзірленіп, жаңартылған аула бүгінде тұрғындардың сүйікті демалыс орнына айналды. Ұзындығы 280 метрге жуық алаңқайда тас төсеніш толық төселіп, спорт және воркаут аймақтары қауіпсіз жабынмен жабдықталды.

Жалпы аумағы 6 мың шаршы метрге жуық кеңістікті абаттандыру жұмыстары аяқталуға жақын, ал жоба мерзімінен бұ-

рын – тамыз айының соңына дейін пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр.

Бизнеспен тиімді әріптестік

Жетісу ауданы бизнес пен мемлекеттің тиімді әріптестігінің үлгісіне толы. Мәселен, көшеге іргелес аумақты абаттандыру жұмыстарын толықтай «Karina Paper» компаниясы өз мойнына алған. «Karina Paper» компаниясы бас директорының орынбасары Талғат Шәріпов Қазақстан нарығында 28 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан кәсіпорын өндірісті дамытумен қатар, қалалық ортаны жақсартуға да белсене араласып жүргенін айтады.

Компания жалпы аумағы 44 мың шаршы метр болатын «А» санатындағы қойма кешенін салу бойынша ірі инвестициялық жобаны жүзеге асырып жатыр. Нәтижесінде 300-ге дейін жаңа жұмыс орны ашылып, мемлекетке жылына 1 миллиард теңгеден астам салық төлейді. Бұған қоса, кәсіпорын өз қаржысына Серіков көшесінің бойындағы аумақты абаттандырып, жаңа жаяу жүргіншілер жолы, көгалдандыру жұмысы, демалыс орындары мен жаңа жабын салынбақшы.

Жаңғырған аумақ

Журналистер соңында ауқымды абаттандыру жұмыстары жүріп жатқан Үлкен Алматы каналын да көрді. Жобаның бас инженері Айдын Байболовтың айтуынша, қала аумағындағы каналдың 90 пайызы, ал оған іргелес саябақ аймақтарындағы жұмыстың 95 пайызы аяқталған. Оның ішінде «Гүлдер» саябағы, Баум тоғайы мен басқа да қоғамдық кеңістік бар. Каналға су жіберілгеннен кейін бұл аумақ



Алматыдағы ең ірі рекреациялық аймақтардың біріне айналады.

Мұнда медициналық және полиция бекеттері, бейнебақылау жүйелері мен дауыс арқылы хабарлау жүйелері жұмыс істейді. Демалыс аймақтарындағы судың тереңдігі шамамен бір жарым метр болады, бұл келушілердің қауіпсіздігін жоғары деңгейде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жетісу ауданында жүргізіліп жатқан кешенді жаңғырту жұмыстары мемлекеттік қолдау, тұрғындардың белсенділігі мен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі тоғысқанда қалалық ортаның қалай өзгертетінін айқын көрсетеді. Жаңа саябақтар, абаттандырылған аулалар, жаңарған көшелер мен қоғамдық кеңістіктер бүгінде жәй ғана инфрақұрылым нысаны емес, тұрғындардың серуендеп, демалып, бас қосатын жайлы мекеніне айналған.

Осындай нәтижелі жұмыстардың үйлесімді жүзеге асуы аудан басшылығының жүйелі ұйымдастыруының да жемісі екені байқалады.

Рая ЕСКЕНДІР.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

LRT құрылысының жаңа кезеңі басталады



Алматыдағы алғашқы LRT желісінің құрылысы аясында дайындық жұмыстардың кезекті кезеңі басталады. Төле би көшесінің Момышұлы көшесінен Жароков көшесіне дейінгі шығыс бағытындағы учаскесінде бұрынғы трамвай желісінің байланыс торабына тиесілі қолданыстағы тіректер алынып, олардың орнына сыртқы жарықтандырудың жаңа сәндік тіректері орнатылады. Бұл туралы қалалық Жол қозғалысын ұйымдастыру орталығының өкілдері айтты.

Қазіргі уақытта қолданыстағы тіректерде әуе электр беру желілері, байланыс желілері, интернет-провайдерлердің желілері, жарнамалық құрылымдар және басқа да инженерлік коммуникациялар орналасқан. Бұған дейін Алматы қаласының Цифрландыру басқармасы байланыс операторларына, интернет-провайдерлерге, коммунал-

дық кәсіпорындарға және инженерлік желілердің өзге де меншік иелеріне коммуникацияларды көшіру немесе қайта орналастыру қажеттігі туралы хабарлама жолдаған. Алайда, меншік иелерінің бір бөлігі бүгінгі күнге дейін қажетті жұмыстарды орындамаған немесе олардың кімге тиесілі екені анықталмаған. Осыған орай, Жол қозғалысын ұйымдастыру орталығы Төле би көшесінде желілері орналасқан операторлар мен ұйымдарға үндеу жасады.

– Инженерлік желілердің зақымдануына, сондай-ақ электрмен жабдықтау, байланыс және интернет қызметінің үзілуіне жол бермеу мақсатында желілердің меншік иелері мен пайдаланушы ұйымдарын аталған учаскеде орналасқан өздеріне тиесілі желілерді алып тастау немесе басқа орынға көшіру жұмыстарын аяқтауға шақырамыз, – деді Жол қозғалысын ұйымдастыру орталығының өкілдері.

25 шілдеден бастап Төле би көшесінің Момышұлы көшесінен Жароков көшесіне дейін бұрынғы байланыс торабының 165 қолданыстағы тірегін алып тастау және сыртқы жарықтандырудың жаңа тіректерін орнату жұмыстары басталады. Жобаға сәйкес, құрылыс аяқталғаннан кейін қолданыстағы әуе желілерін жаңа тіректерге қайта орналастыру қарастырылмаған.

Досбол АТАЖАН

«ШЫМБҰЛАҚ» ҚОНАҚТАРЫ бес есе көбейеді

Мереке мен демалыс күндері тыныштық және табиғатпен үйлесімді іздеген алматылықтардың тауға ағылатыны жасырын емес. Таулы аймақта негізгі жүктеме «Шымбұлақ» курортына түседі.



Негізінен 6-7 мың адамды арналған нысан бір күнде 15 мыңнан астам турист пен тұрғынды қабылдайды. Мұндай жағдай ұзын-сонар кептеліске әкеліп, кейде демалушылар үшін қолайсыздық тудырады. Бірақ алдағы жылдар бұл мәселе толығымен шешілмек. Алматыда тау шаңғысы инфрақұрылымын ауқымды кеңейту жоспарланған. Бұл туралы қалалық Туризм басқармасының өкілдері хабарлады. Жоба аясында «Медеу» базалық станциясы арқылы «Шымбұлақ» пен Оі-Qагадаі курорттарын біріктіретін бірыңғай тау курорттары жүйесі құрылады. Сонымен қатар, жоба шеңберінде 30 жаңа аспалы жол

салу, жалпы ұзындығы 151 шақырым болатын тау шаңғысы трассаларын жасау және қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғырту көзделген. Бұл бастама толық іске асқаннан кейін тау шаңғысы жүйесінің тәуліктік қабылдау мүмкіндігі бес есе артып, 6 мыңнан 30 мың келушіге дейін жетеді.

Сондай-ақ, Туризм басқармасы 2029 жылға дейінгі Алматы тау кластерін дамытудың кешенді жоспары әзірленіп жатқанын хабарлады. Құжат жеті бағыт бойынша 73 іс-шараны қамтиды. Онда тау инфрақұрылымын дамыту, тау шаңғысы курорттарының бірыңғай жүйесін қалып-

тастыру, жаңа аспалы жолдар салу және туристік маршруттарды дамыту қарастырылған. Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде шетелдік туристер саны екі есеге жуық өсіп, 986 мыңнан 1,7 миллион адамға жетеді деп күтіледі. Сондай-ақ, туризм саласында жұмыспен қамтылғандар саны 101,8 мың адамға дейін артады.

Алматыда тау туризмі инфрақұрылымын дамыту жұмыстары жалғасып келеді. Бүгінде туристер үшін 1 мың шақырымнан астам тау маршруты цифрландырылған. Оның ішінде 850 шақырымнан астам бағыт көркейтіліп, 2GIS платформасына енгізілді.

Алматы қаласы Туризм басқармасының мәліметінше, кейінгі кездері ең танымал он туристік маршрут толық көріктендірілді. Жаңа кемпинг аймақтары құрылып, «Алма-Арасан» термалды бұлағы жаңғыртылды. Сондай-ақ, ауыссу алатын орындар жабдықталып, танымал туристік нысандар жаңартылды. Бұдан бөлек, саяхатшылар үшін бес тілде жұмыс істейтін аудиогид әзірленді. Ол 110-нан астам көрікті орын мен 10 туристік маршрут туралы ақпаратты қамтиды.

Досбол АТАЖАН.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ

ДОДА

ЕУРОПА ЖОЛДАМАСЫ Алматыда сарапқа салынады

«Қайрат» УЕФА Чемпиондар лигасындағы жорығын қайта бастады. Еурокубок іріктеуінің екінші кезеңінде алматылықтар Кипрдің «Омония» командасымен кездесті.

Өткен маусымда футболдан Қазақстан біріншілігінің чемпионы атанған «Қайрат» биыл тағы да ел атынан Чемпиондар лигасында бақ сынауға мүмкіндік алды. 2025/2026 жылғы маусымда словениялық «Олимпияны», финляндиялық «КуПС-ты», словакиялық «Слованды» және шотландиялық «Селтикті» жеңген Алматы командасы негізгі кезеңге өтіп, Еуропаның ең беделді турнирінде өнер көрсеткен болатын. Бұл жетістік тек бір өңір емес, жалпы Қазақстан футболына үлкен серпіліс берді. Алатаудың баурайына «Реал Мадрид» келіп, қазақ жанкүйерлері әлемдік жұлдыздарды Орталық стадионда тамашалауға мүмкіндік алды.

Бұдан бөлек, футбол сүйер қауым «Арсенал», «Интер», «Спортинг» сынды даңқты клубтарға қарсы ойындарды қызыға тамашалады. Мұндай жетістіктен кейін Рафаэль Уразбахтин шәкірттеріне жаңа маусымда ерекше назар мен үміт артылғаны сөзсіз. Дегенмен, алматылық команда бұл қысымға дайын екенін алғашқы ойындарда көрсетті. УЕФА Чемпиондар лигасының бірінші іріктеу кезеңінде Черногорияның «Сутьеска» командасымен кездескен «сары-қаралар» екі матчта да жеңіске жетті. Орталық стадионда өткен ойын 2:1 есебімен, сырты алаңдағы кездесу 0:2 есебімен «Қайраттың» пайдасына шешілді. Әсіресе, бұл кездесулерде екі нәтижелі пас беріп, бір гол авторы атанған 18 жастағы Исмаил Бекболаттың дайындығы байқалды. Ол маусым айында сары-қара жейдеде соңғы матчын өткізіп, «Челсиге» аттанған Дастан Сәтпаевтың орнын басатындай шеберлігі бар екенін көрсетіп келеді.

Іріктеудің екінші кезеңінде «Қайрат» Кипрдің «Омониясымен» кездесті. Бұл алматылықтар үшін таңсық қарсылас емес. Екі команда 2021/2022 жылғы маусымда Конференция лигасының топтық кезеңінде бір-бірімен кездескен еді. Екі ойында да жеңімпаз анықталмай, 0:0 есебімен аяқталған. Ал «Қайрат» пен «Омония» арасын-

дағы ресми үшінші ойын Кипр клубының пайдасына шешілді. Никосия қаласында өткен матчта алаң қожайындары ерте есеп ашты. Панайотис Андреу 13-минутта қақпашы Темірлан Анарбековты қапы қалдырды. Ал 34-минутта Луиш Матаға қарсы өрескел ереже бұзған кипрлік қорғаушы Лик Него алаңнан қуылды. Бұл сәттен кейін бір ойыншыға кеміген «Омония» қорғанысқа көбірек мән берді. Александр Мрынский, Азамат Тұяқбаев, Марк Гуаль бірнеше жақсы соққы жасағанымен, қарсылас қақпасынан саңылау таба алмады. Осылайша матч 1:0 есебімен аяқталды. Ойыннан кейін «Қайраттың» бас бапкері Рафаэль Уразбахтин Алматыда өтетін матчқа үлкен сенім артатынын айтты.

– Өз алаңымызда бұдан да сапалы ойын көрсетіп, өзімізге қажетті нәтижеге қол жеткізуге тырысамыз. Жанкүйерлердің қолдауына сенеміз. Қарсыласқа құрметімді де білдіргім келеді. Матчтың жартысынан көбінде бір ойыншысы кем болса да, өте лайықты ойын көрсетті. Мен басынан-ақ бұл өте сапалы команда екенін айтқанмын. Құрамында жоғары деңгейдегі футболшылар мен тәжірибелі бапкер бар. Сондықтан олардың деңгейіне күмәнданған жоқпыз. Алдымен чемпионаттағы келесі ойынға бар күшімізді саламыз, содан кейін «Омониямен» өтетін қарымта кездесуге дайындаламыз. Былтыр сырт алаңда «КуПС-тан» 2:0 есебімен жеңілдік, бірақ бір аптадан кейін өз алаңымызда 3:0 есебімен басым түсті. Мүмкіндік әрдайым бар. Бәрі өзімізге байланысты, – деді бапкер.

Еске салайық, 26 шілдеде «Қайрат» ҚЛП титулы жолындағы басты қарсыласы «Ордабасымен» Алматыда кездеседі. Ал 29 шілде күні Орталық стадионда «Омонияны» қабылдайды. Бұл кездесуде жеңіске жетіп, қазақстандық команда Чемпиондар лигасы үшінші іріктеу кезеңіне шыққан жағдайда «Левски» (Болгария) – «Университатя Крайова» (Румыния) жұбының жеңімпазымен кездеседі. Егер екінші іріктеу кезеңінде қарсыласына есе жіберсе, «Қайрат» Еуропа лигасы үшінші іріктеу кезеңінде «Мьельбю» (Швеция) – «Линкольн Ред Импс» (Гибралтар) жұбының жеңімпазымен ойнайды.

«Қайрат» клубының басқа да жаңалықтарына тоқталып өтейік. Бұған дейін алматылық команда өзара келісім бойынша аргентиналық жартылай қорғаушы Себастьян



Себальоспен қоштасқанын хабарлады. Осы жылдың басында клубқа қосылған ойыншы команда сапында 11 ойын өткізіп, 1 нәтижелі пас берді. Оның орнына португалиялық жартылай қорғаушы Густаво Мендонса сары-қара жейде киді. Жаңа ойыншымен келісімшарт 2029 жылдың соңына дейін жасалған. 23 жастағы Густаво Португалияның Брага қаласында дүниеге келген және «Бенфика» академиясының түлегі. Ересектер деңгейінде португалиялық «Канелаш 2010» және АВС клубтарында өнер көрсетті. 2023/24 жылғы маусымның қорытындысы бойынша АВС құрамымен бірге Португалия чемпионатының жоғарғы дивизионына жолдама алды.

Өткен маусымда Мендонса АВС сапында Примейра-лигада 22 матчқа қатысты. Жалпы, бұл клуб құрамында 58 ойын өткізіп, 2 гол соғып, 2 нәтижелі пас берді. Густаво Португалия U-20 жастар құрамасында да өнер көрсеткен.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



ӨНЕРДІҢ СҰЛТАНЫ

IV халықаралық «Almaty Circus Festival» басталды

Биылғы фестивальге жер-жиһанның 18 елінен білдей 20 шығармашылық ұжым, 60-тан астам әйдік әртіс қатысып отыр.

Кейінгі жылдарда Қазақстан атын айқындап, Орталық Азия елдерінің тынысын ашқан аса ірі мәдени жоба – «Almaty Circus Festival» жайында жиі айтылады. Өйткені, бірегей жоба Алматыны әлемдегі мәдени кеңістіктің кіндігіне айналдырды, ел беделін арттырды, мың жасаған шаһардың өнерін, мәдениетін, туризмін дамытуға серпін берді. Биылғы фестиваль Алматы қаласы әкімдігі қолдаған, төртінші мәрте ұйымдастырылуына мұрындық болған. Жобаның өзі – аса ауқымды. Әлемнің әр түкпірінен 200-ден астам өтінім түскен. Халықаралық сарапшылар іріктеуінен өткен. Нәтижесінде 18 үздік нөмір ғана конкурс бағдарламасына енгізілген. Қатысушылар акробатика, әуе гимнастикасы, эквилибристика, шабандоздар жанры, контактілі жанр және цирк өнерінің өзге де бағыттары бойынша сынға түседі.

Биылғы байқауға Қазақстан, Вьетнам, Қытай, Германия, Франция, Италия, Швейцария, Венгрия, Түркия, Эфиопия, Моңғолия, Өзбекстан, Тәжікстан, Беларусь, Ресей, Украина, Армения, Түрікменстан және Саха Республикасының (Якутия) өнерпаздары қатысып жатыр. Фестивальдің басты қонақтарының бірі – Германия атынан келген, әлемдік цирк өнерінің аңызы саналатын әйгілі клоун Андрей Жигалов. Өнерпаздың ерекше актерлік шеберлігі мен айрықша пластикасы биылғы фестивальдің қайталанбас қойылымы саналады.

Әлемге құшақ ашқан Алматы

Қазақ мемлекеттік циркінің директоры Мақсат Жайықовтың айтуына қарағанда, биылғы төртінші мәрте өтіп жатқан фестиваль – Алматының мәдени бренді.

– Халықаралық фестиваль жылдан-жылға ауқымданып, кеңейіп келеді. Биыл әлемнің көптеген елінен 200-ден астам өтінім келіп түсті. Мұның өзі Алматыдағы фестивальдің кәсіби ортадағы беделін көрсетеді. Біз үшін бұл тек байқау емес, тәжірибе алмасатын, шығармашылық байланыстар орнататын маңызды халықаралық алаң, – деді директор.

Сонымен қатар, директор өз сөзінде тағы бір аса маңызды мақсатты атай кетті. Жас өнерпаздарға жол ашамыз, кәсіпқой мамандар мен ғажайып өнер түріне асық болған өндіріс жігіт, өжет қыздарды бір алаңда тоғыстырамыз деп мәлімдеді. Ересен фестивальге орасан еңбек сіңірген бас режиссер, Қазақ мемлекеттік циркінің шаңырағына уық шаншып, ұстынын нығайтқан білікті маман Мария Редько да ой алысып, дайындық жайын әңгімелеп берді.

– Көрерменге шешіле сөйлеп, толыққанды сыр аша салғым келмейді. Мақсатым – өнер биігінде шығып, бірде көкте самғап, бірде жерде жүйтіген нағыз өнерпаздардың өнерін ортаға салу. Шыны керек, көп уақыт дайындалдық. Репетициялар өте жақсы өтті. Әлемнің әр түкпірінен келген әртістер бір-біріне қолдау көрсетіп, бір-бірін жақсы түсініп, бауырласа, бірлесе жұмыс істеп жатыр. Әр қойылымның арқалаған жүгі бар. Әр қойылым көрерменді таңқалдыруға тиіс, – деді бас режиссер.

Ұйымдастырушылар да әлем өнерпаздарының да, Алматы халқының да биылғы фестивальге ерекше ықыласы болғанын айтып отыр. Тіпті, бес күндік көрсетілімдердің билеттері түгелге жуық сатылып кеткен. Осыған байланысты алғаш рет қосымша гала-концерт өткізу туралы шешім қабылданған.

Ел мен елді жалғаған өнер

Фестивальге келген халықаралық қазылар алқасының мүшелері болса Алматыдағы цирк өнерінің даму деңгейін

оң бағалап, ұйымдастыршыларға алғыс айтты. Ресей мемлекеттік цирк компаниясының бас директоры Сергей Беляков Қазақстан мен Ресей арасындағы шығармашылық байланыс жайына тоқталды. Сондай-ақ, Қазақстан өнерпаздарының ешкімге ұқсамайтын ерекше табиғатын талдады. Бәйгеге оза шабар, қара үзіп алда келер деп қосқан жүйрігі – жіп үстінде адымдап, арқан бойында билейтін әртіс Ольга Рожковская өнері хақында баяндады:

– Көрермен талғамы өзгеріп келеді. Бірі заманауи шоуға қызықса, енді бірі классикалық циркті қалайды. Бірақ цирк өнерінің негізі өзгермейді. Мен кәсіби шеберлік пен күрделі трюк жайында айтып отырмын. Біз ең әуелі қандай трюк істесек деп ойлаймыз. Кейін ғана музыка, костюм, жарық және режиссерлік шешім жинақталады, – деді Сергей Беляков.

АҚШ-тан келген қазылар алқасының мүшесі Петр Клинский де Алматыдағы фестивальді ауқымды жоба деп бағалады:

– Мұндай халықаралық жобалар жас өнерпаздарға жол ашады, әлемдік сахналарға, мінберлер мен небір биіктерге бастайды, – деді сарапшы.

Қазақстанға алғаш рет келген Канада мен Швейцария өкілдері де сөз алып, Алматының сұлу табиғатын, жергілікті халықтың жайдары, ашық көңілі, фестивальдің жоғары деңгейде өтіп жатқанын тілге тиек етті.

– Мен 2001 жылы Швейцарияда өткен халықаралық фестивальде болдым. Сонда қазақстандық әртістердің өнерін көргенмін. Кәсіби деңгейі өте жоғары екенін бірден аңғардым. Қазақстандағы цирк өнерінің дамып келе жатқанына куәгермін, қызыға бақылап келемін, – деді швейцариялық сарапшы.

Үздіктерді мамандар анықтайды



Биылғы фестивальге АҚШ, Қытай, Италия, Ұлыбритания, Канада, Швейцария және Ресейден келген дегдар мамандар қазылық қылады. Сонымен қатар, әлемге әйгілі Cirque du Soleil жобаларында жұмыс істеген сарапшылар да төрелік етеді. Қазылар алқасы әртістердің жіті бақылап, әр әдісті орындау техникасына, трюктердің күрделілігіне, сахналық мәдениетіне, режиссерлік шешімге, көркемдік тұтастығын назар тігеді. Байқаудың түйінді күнінде қатысушыларға үш қола, үш күміс, үш алтын жүлде және бас жүлде – Гран-при табысталамақ.

Орайы келгенде айта кетелік, фестиваль бағдарламасы екі бөлімнен тұрады. Әр күн сайын көрерменге жаңа қойылым ұсынылып, кейін үздік нөмірлер қайта көрсетіледі. Ал 26 шілдеде салтанатты гала-концерт өтіп, жеңімпаздар марапатталады. Цирк мерекесі мұнымен аяқталмайды. Тамыз айында Қазақ мемлекеттік циркінің манежінде фестиваль жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің қатысуымен арнайы гала-бағдарлама ұйымдастырылады. Осылайша алматылықтар мен қала қонақтары халықаралық фестивальдің үздік қойылымдарын 30 тамызға дейін қайтара тамашалай алады.

Өзіміз де көкте би билеп, кендір жіпті шантып байлап, шала шешкен, қолаң шашына қармана отырып шыр көбелек айналған, ит жетектеп, аюды ерттеп мінген, кірекейін компандата қимылдатқан әртістердің өнерін тамашаладық, жүлдезды сәт, ажарлы күніне куә болдық. Адам қабілеті мен дарынының шексіз екеніне тағы бір мәрте таңдандық. Бұл жолғы фестиваль бір ақиқатты айқын көрсетті. Цирк – ойын-сауық әуресі ғана емес екен, ұлт пен ұлтты, мәдениет пен мәдениетті жақындастыратын өнер тілі, адам табиғатының шексіз құдіретін танытатын мәдени мінбері көрінеді.

Дастан ҚАСТАЙ.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



Сәкен АЛДАШБАЕВ:

ҰЛТТЫҢ БОЛМЫСЫ – ҚАНМЕН КЕЛГЕН ҚАСИЕТ

Әлеуметтік желіде озық ойы, айрықша пайымын айта жүретін Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Сыр дидары» газетінің редакторы, журналист-этнограф, Қызылорда облысы дін басқармасы, дін мәселелерін зерттеу орталығы маманы Сәкен АЛДАШБАЕВ ПЕН ұлттық салт-сана жайында сыр тартқан едік.

– Сәкен Мінұарұлы, жаһандану «ұлттық сана», «ұлттық құндылық» сынды ұғымдарға зор соққы беріп жатқандай. Көпшілік бұл ұғымдардың мәнісін ұға бермейтіндей. Тереңірек тарқатып бересіз бе?

Иә, бұл үдеріс қазақ халқында ғана жүріп жатқан жоқ. Әлемдегі барлық дерлік халық осы арпалысты бастан өткеріп жатыр. Себебі, жаһандану бәрін жалмап бара жатыр. Болашақта әлем халықтары арасында ауызсу мен ұлттық құндылықтар күресі болады деген болжамдар бар.

Әуелі ұлттық сана деген не? Осыған тоқталайықшы. Жалпы, психология ғылымында сананы түпсана (бейсана), қан сана, қоғамдық сана, жеке сана (өзіндік сана), санаасты (саналы түрде байқал-

төрге отырғызу дәстүрі бар. Төр – үйдің құрметті аймағы, отбасының үлкендерін және қонақты сыйлау мінбері.

Тіпті, Еуропаның кейбір халықтарында қорқыныштан немесе «жаман әсерден» арылу үшін су, адыраспан, тұз сияқты заттар қолданылған халықтық емдер болған. Славян халықтарында (орыс, украин, беларусь дәстүрлерінде) қалыңдықтың фата (ақ желек) тағуы кең тараған. Ол бастапқыда қыздың тазалығын, жаңа өмір кезеңіне қадам басуын білдірген. Кейбір славяндық үйлену салттарында үйленген әйелдің бас киімі ауыстырылған. Қалыңдық қыз кезіндегі бас киімін шешіп, тұрмысқа шыққан әйелдің орамалын немесе арнайы бас киімін киген. Айта берсек, осындай ортақ құндылықтар өте көп. Мұнымен қоса, қандай да бір ұлтқа ғана қа-

майды, тіпті одан жиренуі де мүмкін. Мәселен, әлеуметтік желіде жүрген бір тайпалардың мойынын ұзарту үшін сақина тағуы, ернін, құлағын үлкен етіп тесуі біз үшін жат. Мәселен, Жапонияның кото аспабын, Қытайдың пипасын немесе орыстардың балалайка киелі қасиетті деп айтасыз ба? Әрине, тек өздері үшін қасиетті құндылық. Бізге домбыра қастерлі, ал басқа ұлтқа домбыра жәй ғана аспап.

– Ұлттық болмысымызда бұлардың алар орны қандай?

Болмысымызға тереңдеп есек, бірінші салт тұрады. Салт болуы үшін ол қандайда бір қағидатқа, табиғатқа, шариғатқа негізделуі керек. Бір сөзбен айтқанда, салт болуы үшін шығу негізі болуы керек. Яғни табиғатта осылай, кезінде мынандай оқиға болған екен деп орындалса, болмаса дінде осылай дейді, сондықтан біз осылай жасаймыз десе, бұл – салт.

Дәстүр – заманның, қоғамның талабына байланысты өзгеріске түсетін амалдар. Бір кезде пайда болуы, бір кезде қолданыстан шығып қалуы мүмкін амал-

ибалығы, жазылмаған заңдары, киелі кітаптарындағы нұсқасы. Наным-сенімнің өзі адам тағдырына әсер ететін күшке айналған түсініктер. Наным-сенімдер көбіне адамзатқа ортақ болып келеді. Біздің наным-сенімдегі жағдайлар өзге ұлттарда да көп кездеседі.

Міне, ұлттық құндылық деген қысқаша айтқанда, осындай ұлт тарихындағы ұстанымдар. Бұл уақыт талабы бойынша өзгеріп, дамып немесе жоғалып кетіп отырады. Қолданыстан шығып қалып жатқан салт-дәстүріміз де, ескірген сенім өте көп. Сонымен қатар, жаңалары да бар, жасалып жатқандары да қаншама. Егер мақтануға, есеруге, ысырап пен әдепке қарсы келмесе той томалақтағы, қазалы жерлердегі ғұрыптар жасала берсін. Алайда, есеріп кету жақсы көрінбегендіктен орындамаған дұрыс.

– Дәстүрге сай ұстанымдар жыл өткен сайын көнеріп, жойылып бара жатқандай (отбасы, күйеубала мен келін рөлі, сәлем салу, т.с.с.). Бұған қатысты не айтасыз?

Иә, ұлттың құруына үш нәрсе әсер етеді ғой. Біріншісі – салты, екіншісі – тілі, үшіншісі – билігі. Бұл жерде тілді салттан кейін қойды де-меңіз. Негізінде, тілден бұрын салт-дәстүр, ұстаным тұрады. Неге десеңіз, тілі жойылып кеткен ұлттар бар, бірақ олар салт-дәстүр мен ұстанымын ұстап отыр.

Айталық, 10 миллионнан астам маньчжурлерді алайық. Бұл ұлттың тілі іс жүзінде жойылған. Ана тілінде сөйлейтіндері өте аз ғана қалған, көпшілігі қытай тілінде сөйлейді. Бірақ өздерінің салт-дәстүрін берік ұстанады, сонысымен ғана ерекше. Өз киімдері, сенімдері, астары, қарым-қатынастағы әдептері қытайлардан мүлде бөлек. Сол секілі, корништер, лифтер де сондай. Эяк деген ұлт бар, осы тілде сөйлейтін соңғы адам 2008 жылы қайтыс болған. Бірақ ұлт сол күйі өмір сүріп жатыр. Айта берсек, мысал деген жетіп-артылады.

Мысалы, Ирландия тәуелсіз мемлекет болғанымен, халықтың басым бөлігі күнделікті өмірде ағылшын тілінде сөйлейді. Ирланд тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие, бірақ оны ана тілі ретінде қолдана-тындар аз. Шотландтар арасында да гэль тілі өте аз таралған, тұрғындардың көпшілігі ағылшын тілінде сөйлейді.

Тіпті, Беларусь мемлекеті, тілі бар болса да күнделікті өмірде орыс тілі басым, беларус тілінің қолданылуы шектеулі. Тілдің жоғалуы да үлкен қасірет, өйткені аталған елдерде көптеген ұлттық құндылықтарын, ырым-тыйымдарын не үшін жасайтынын білмейді. Сол секілді, айтып отырған ұлттық құндылықтарыңыз осы үш негіз бойынша жойылады, уақыт талабы бойынша жаңарады. Бұл – заңдылық. Алайда, жаңа үдеріс азғындыққа негізделіп кетпеуі керек. Ең басты қадағалайтынымыз осы деп ойлаймын.

– Отарсыздану процесінің бір көрінісі – жастардың бойындағы ұлтшылық. Отарсыздану үдерісі қандай бағыттарда жүруі тиіс?

Әрине, отарсыз, бостан ұлт – бақытты. Біздің еліміз, қазағымыз қазір азат ел, бақыттымыз, шүкір. Бұл ұлттық болмысты, діни сенімді, рухты қайтарып, күшейтеді. Алайда, әсіре діншілдік пен әсіре, жалған ұлтшылдық деген де қатар жүріп, қарама-қарсы талас тудырып отыр. Сол үшін ұлттық құндылықты зерттейтін ұлттану институты



Сурет: Самат Құсайынов.

майтын, бірақ мінез-құлыққа әсер ететін психикалық құбылыстар) деп беске бөледі. Ұлттық сана деген кеше, бүгін қалыптасқан дүние емес, сан мыңдаған ғасырлардан келе жатқан әдеп, мәдениет, сенім, тұрғылықты жері мен тұрмыс қағидаттарынан жиналған ұстаным. Осының барлығы жиналып келіп ұлттың санасын қалыптастырады.

Енді ұлттық құндылық дегенге келсек, адамзатқа ортақ құндылықтар бар, дініне ортақ, ұлтына ортақ және аймағына қатысты құндылықтар бар. Мысалы, жапондарда «генкан (кіреберіс)» ерекше мәнге ие. Бұл – сыртқы әлем мен үй ішінің арасындағы қасиетті шекара деген сөз. Қытайлар болса үйдің негізгі есігі (бас қақпа) мен ошақты өте маңызды көреді. Моңғолдар киіз үйдің ошағын және босағасын қатты құрметтейді. Ошақты басуға, үстінен аттауға, отқа қоқыс тастауға болмайды деп есептеледі. Кәрістердің дәстүрлі үйлерінде қонақты ең жақсы орынға, яғни

тысты құндылықтар бар. Ал ислам дініне ортақ құндық құран, хадис сөзі бойынша қалыптасқан шарттар саналады. Айталық, қағбаға қарай аяқ созбау, бейтке саусақ шоашыптау сынды.

Ұлттық құндылық деген не десек, сол ұлттың жүріп өткен жолындағы әдебі, діні, сенімі, болмысы мен мүлкі. Осы жиынтықты екіге бөлеміз. Біріншісі ұлттың болмысы, екіншісі ұстанымы. Ұлттың болмысы – қанмен келген қасиет. Айталық, қазақ болмысы қонақжай, ақкөңіл, сенгіш, ақкөз батыр, досқа адал, дұшпанға қатал, ақынжанды болып келеді.

Екіншісі – ұстанымы. Әлгінде айтқандай, тұрғылықты жеріне, дініне, заңдарына, мүлкіне, кәсібіне байланысты қалыптасқан қағидаттарды айтамыз. Бұл қағидаттарға салтымыз, дәстүріміз, ырымымыз, тыйымыз, әдеп-ғұрпымыз және наным сеніміміз жатады. Бұл алтауының көтеріп тұрған жүгі алты түрлі. Кейде бір ұлттың құндылығы бір ұлтқа құнды бол-

дар. Мұндайда қазақ «дәстүрдің де озығы бар, тозығы бар» дейді. Мысалы, біздің әдеткі салтымызда табақ тартылып, кәделі жілікті үлкендердің мақұлдауымен жастар тұрайтын болса, қазір ас бөлмесінен тұралып келеді. Яғни үрдістен дәстүр шығады деген осы. Алырым – дін және тылсымнан сақтан немесе әдептің негізінде қалыптасқан амал әрекеттер. Амалы белгілі, шығуы көмескі сенімдер десе де болады. Айталық, үйге оң аяқпен кір, тамақты оң қолыңмен же, орыс халқында жолға шығар алдында бір сәт отыр деген секілді. Тыйымның өзі табиғатқа залал келтірмеу, әдепті сақтау, сақтық ету және дін мен тылсымға қатысты тоқтатулардан туған. Үйде ысқырма, баланың басын темен қарай сипата, т.с.с. Бұлар да шығу негізі ұмытылған кезде тыйымға айналып кетеді.

Әдеп-ғұрып болса бір ұлттың, ортақ дін ұстанушыларының табиғатқа, адамдарға және жаратушысының алдындағы

керек. Жалған ұлтшылдық жарға жығады. Ал әсіре діншілдікті тізгіндеу өте оңай, тізгінделіп те жатыр.

– Қазіргі өршіп тұрған тақырып – той мәдениеті. Тойдағы анайы, салтымызда болмаған, ерсі, қара дүрсін әрекеттерді талдап бересіз бе?

Тойдың даңғазасы талай сынға қалып келеді. Мақтану, асыра сілтеу, бәсекелестік, «елден мен артықпын» деген дақпырт. Жалған ұят-шылдығымыз да мұны асқындырып отыр. Алайда, баяғы ата-бабаларымыздың істегенін айна-қатесіз қайталау керек деген де жаңсақ ұғым. Сондықтан той сипаты жаңауру керек. Сонымен қатар, бүгінде ерсі көрініп жүрген кейбір әрекеттер уақыт өте қолданыстан түсіп қалады. Өйткені, анайы қылықтардың негізі жоқ, түп негізімізге жалғанып тұрған жоқ. Түп негізі болған дәстүрдің де өзгеріп, жоғалып жатқаны көп. Мысалы, бұрын келін түскенде сәукеленің ішіне берек деген бас киім кигізілген. Бетін ашқанда, сол беректі ашатын болған. Қазір үлкен орамал жауып, соны ашып жүрміз. Бірақ бұл да ұлттық құндылыққа сіңді ғой.

– Аталарымыз бен әжелеріміздің өзі «жиен» деген сөзден жерігендей қызынан туған ұрпақты да «немерем» деп отырады. Жиен десе ренжиді. Бұған не себеп деп ойлайсыз?

Бұл өте қате түсінік. Немере – аталық жүйенің бөлшегі. Аталық қалай өріледі? Ата, бала, немере, шөбере болып жалғасады. Сол секілді, жиен, жиеншар, көгеншар, дегеншар, жүрежат, туажат деп тарақталып кете береді.

Мәселен, менің руым – кете, нағашым – әлім. Анамның әкесі мені «немерем» десе, олардың аталығы бойынша әлім болып кетем ғой. Ашығында, ата жолында қыздың баласын да немерем деп жүргендер – күйеу баланы басынғанмен бідей. Жаман айтқанда, қызы шата бала тапты да, руы, елі болмаған соң өз руыма алдым дегенге саяды. Сондықтан бұған мән берген дұрыс. Немере – ұлдан тарайды.

– Қазақ сөзге тоқтайтын халық болған дейміз, бұл мінезі өзгерді ме?

Бұрынғылар сөзге тоқтаған, қазіргілер сөзге тоқтамайды деген сөзді мен соншалықты қолдай қоймаймын. Өйткені, Сырым батырдан «Сіз екі аяқты, бір тілдіден сөзден жеңіліп, көрдіңіз бе?» дегенде «Сөз қуғыштан күнде жеңілемін» деген екен. Ол заманда да сөзге тоқтамайтындар көп болған. Мәселен, қазір бәріміз Сырым батыр айтқандай сөзқұғыш болып алдық. Сөзге қалай тоқтайды? Егер айтушы үлкен оқиғаны, қағидатты, заңдылықты, адамгершілікті бір ауыз сөзден түйіндеп, шырыны ғана берсе, оны естіген адам сол бір тамшы шырынның артынан үлкен адамшылық қағидатты түсінсе ғана тоқтайды. Болмаса, сөз қуа береді.

Сонымен қатар, сөзге тоқтап, жеңілгенін мойындаған адамды да құрметтемесе, керісінше, мазақ етсе, адам жеңілгенін мойындағысы келмейтін болып қалады. Сондықтан сөзден жеңілгенін мойындап, ат-тон айыбын өтеп, шапанын жапқан адамды да ел үлгі тұтып қадірлесе, онда сөзге тоқтау, жеңілгенді мойындау жөнсіз болып көрінбес еді.

– Халықтың ниетін бұзатын не?

Адамзаттың ниетін бұзатын – тоқшылық. Оған небір қауымдардың жермен-жексен болғаны дәлел.

– Бүгінде қазақ «қала ұлтына» айналды. Салт-санамызды, дәстүр-мәдениетімізді қалай сақтап қала аламыз?

Руханият қалаға жақындаған сайын әлсірейді, ауылға жақындаған сайын күшейеді. Қалаға жақындаған сайын жасанды мәдениет күшейеді, ауылға жақындаған сайын шынайы мәдениет нығаяды. Бұл – менің түйгенім. Дегенмен, қазақ қалалы жерде отырған жоқ деген сөз емес, қалада да өмір сүрді. Сонда да ұлттық құндылығын жоғалтқан жоқ. Қазақтың қалаға көшкені – қауіпті емес, қауіптісі – салт-дәстүр мен мәдениетімізге қарсы жүріп жатқан жаһандану үдерісі. Сол үшін біз ұлттық болмысымыздан ажырамайық десек, барымызды салуымыз керек. Саясат – мемлекеттің оң қолы, экономика – сол қолы, ал руханият – басы демей ме?!

– Әңгімеңізге көп рахмет!

Дастан ҚАСТАЙ.

«Адам болмайсың!..»

Баланы қорлайтын сөз де зорлық-зомбылық

«Адам болмайсың, иттің баласы!» Бір қарағанда, бұл ашумен айтылған жәй ғана сөз. Алайда, психологтардың айтуынша, бала үшін мұндай сөздер жәй ұмыт боп кетпейді. Ол оның өзін бағалауына, өзгелермен қарым-қатынасына, тіпті болашақ отбасылық өміріне дейін әсер етеді.

Біз көбіне зорлық-зомбылықты физикалық күш қолдану ретінде қарастырамыз. Алайда, кейбір сөздер бала психологиясына зорлық-зомбылықтың табын қалдыратынын ескере бермейміз. Яғни баланы қорлайтын сөзден, кемсітуден, қорқытудан, күн сайын қайталанатын айқайдан басталады. Осындай ортада өскен бала ертең өзі де дәл сондай мінез-құлықты қалыпты құбылыс деп қабылдап өседі.

Дәл осы мәселе Алматыда өткен «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың және балаларға жасалатын қиянаттың алдын алу» тақырыбындағы «дөңгелек үстел» басында талқыланды. Кездесуде білікті заңгерлер, психологтар, бала құқығы жөніндегі уәкілдер, дағдарыс орталықтарының мамандары мен мемлекеттік орган өкілдері бас қосып, тұрмыстық зорлықтың себептері мен оны тоқтатудың жолдарын ортаға салды. Жиынды «Human Rights Lawyers» қоғамдық қоры ұйымдастырған болатын. Әрі бұл жиын көкейкесті мәселелерді талқылап, нақты шешімдер іздеген маңызды алаң болды. Басқосуда айтылған ең маңызды ойлардың бірі – зорлық-зомбылықтың қайталанатын шеңбер сипатына ие болуы. Егер бала отбасында қорлау мен күш көрсетуді көріп өссе, санасында дәл сондай қарым-қатынас үлгісі қалыптасады. Кейін өз отбасын құрғанда сол көргенін қайталауы немесе керісінше, дәл сондай қатынасқа төзетін адамға айналуы мүмкін. Мамандар мұндай мәселенің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып кетуі мүмкін екенін нақты айтты.

Мысалы, әкесі шешесін ұрса, бала ержетіп әйел алғанда «мен де әкем сияқты отбасын басқарамын» деп санайды. Анасы үндемей, көніп жүрсе, қыз бала өсіп отау құрғанда «мен де анам сияқты көнуім керек» деп түсінеді. Мұның ешқайсысы да дұрыс еместігін, заңға қайшы және зорлық екенін білмейді. Өйткені, солай болуы тиіс деп сенеді. Сондықтан сарапшылар бірауыздан: «Біз тек жәбірленушімен жұмыс істемей, екі жақпен де, отбасының әр мүшесімен де жұмыс істеуіміз керек. Зорлық жасаған адамның да санасын өзгертпей, оған өз әрекетінің қаншалықты қауіпті, қаншалықты заңға қайшы екенін түсіндірмей, емдемей бұл дерт ешқашан бітпейді. Бір әйелді құтқарсаң, келесі бірінде дәл сол оқиға қайталанады» деген пікірге ортақтасты.

«Human Rights Lawyers» қоғамдық қорының басшысы Ләззат Рақышева зорлықшының басым бөлігі бөтен емес, баланың өз әкесі, өгей әкесі, ағасы немесе жақын туысы болып шығатынын айтты. «Көптеген жағдайда зорлық-зомбылық аяқ астынан болмайды, ұзақ уақыт бойы жалғасады. Алайда, жәбірленушілер құқық қорғау органдарына алғашқы оқиғадан кейін бірден емес, бірнеше айдан, тіпті жылдардан соң ғана жүгінеді. Ең алаңдатарлығы – мұндай қылмыстардың басым бөлігін жәбірленушінің жақындары жасайды», – дейді ол.

Оның айтуынша кейде әлеуметтік желіде таныстықтың қылмысқа ұласқан жағдайлары да кездеседі. Сондықтан балаларды цифрлық қауіптен қорғау, зорлық-зомбылық туралы ерте анықтау тетіктерін жетілдіруге тура келеді. Бұл арада құқық қорғау және мемлекеттік органдар арасында өзара іс-қимыл үйлесімі де маңызды екенін алға тартты.

Жиын барысында сарапшылар бұл мәселені тек еліміздің



шеңберінде қарастырмай, әлем елдерінің тәжірибесін де алға тартты. Қауіпсіздік мәдениетін, отбасы мен бала құқығын қорғау жүйесін, құқықтық сананы қалыптастыру бағытында жеті дамыған мемлекетте тиісті заңдар 20 жыл бұрын қабылданып, жүзеге асырыла бастаған. Ол елдерде сол кезден бастап отбасы ішіндегі зорлықты қоғамдық дерт деп танып, оны болдырмау үшін мемлекет те, қоғам да, бірігіп жұмыс істей бастаған. Осы жылдар ішінде өзге елдерде зорлық-зомбылық деңгейі біртіндеп төмендеп, халықтың құқықтық сауаты артып, отбасы институты нығая түсті. Ал бізде бұл бағыттағы кешенді, жүйелі іс-шаралар 2024 жылы ғана қолға алынды. Әлі күнге дейін «бұл отбасының ішкі шаруасы», «өзара шешеміз», «жұртқа айтқан ұят» деген ескі, қате түсінік басымырақ болып тұр.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес – ол бір күнде шешілетін мәселе емес. Дегенмен, мемлекет бұл бағытта жүйелі әрі кешенді жұмыстарды кезең-кезеңімен жүзеге асырып келеді. Соның айқын дәлелі – Мемлекет басшысының тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы ымырасыз күрес саясаты аясында қабылданған «Салтанат» заңының алғашқы бес айдағы нәтижелері нақты оң әсерін көрсетіп отыр: аса ауыр қылмыстар – 44 пайыз, отбасылық-тұрмыстық саладағы ауыр қылмыстар – 29 пайыз, педофилияға байланысты қылмыстар – 40,7 пайыз, кәмелетке толмағандарға қатысты тиіспеушілік қылмыстары – 21,3 пайыз, ал тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы хабарламалар 20,5 пайыз азайған.

«Дөңгелек үстелде» көтерілген негізгі қорытынды ойлардың бірі – зорлық-зомбылықпен күресу тек құқық қорғау органдарының міндеті емес. Бұл – мұғалімнің, дәрігердің, көршінің, ата-ананың, жалпы қоғамның ортақ жауапкершілігі. Өйткені, үнсіздік зорлықты тоқтатпайды. Керісінше, оның жалғасуына жол ашады деді мамандар.

Ең бастысы – әр азаматтың санасында өзгеріс болуы тиіс. «Бұл менің шаруам емес», «мен не істей аламын» демей, көрген жерде, білген жерде үнсіз қалмай, көмекке келу, тиісті орындарға хабарласу, жәбірленушінің жанынан табылу – әрқайсысымыздың азаматтық парызымыз. Бірлесе жұмыс істесек, жоғары нәтиже болары сөзсіз.

Айта кетейік, азаматтардың құқығын қорғау және құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған бұл жоба қоғамдағы құқықтық мәдениетті нығайтуға қызмет етеді. Жоба Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен жүзеге асырылуда.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

Әскери білімге жол:

күжат қабылдау 31 шілдеге дейін жалғасады

Алматыдағы ҚР Қорғаныс министрлігінің Әскери-инженерлік радиоэлектроника және байланыс институты мен Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері әскери институты талапкерлерден құжат қабылдауды жалғастырып жатыр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында екі оқу орнының басшылығы мәлімдеді.

Әскери-инженерлік радиоэлектроника және байланыс институтында радиотехника, радиоэлектроника, автоматтандыру, инфокоммуникациялық технологиялар, ақпараттық қауіпсіздік және киберқорғаныс бағыттары бойынша офицерлер даярланады. Биыл алғаш рет әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірлескен «Әскери журналистика» және Құрманғазы атындағы ұлттық консерваториямен бірлескен «Әскери дирижерлік» қос дипломды бағдарламаларына қабылдау басталды.



«Институттағы оқу толықтай мемлекет есебінен қаржыландырылады. Курсанттар тегін біліммен, жатақханамен, тамақпен, медициналық қызметпен, киім-кешекпен және ай сайынғы ақшалай қамтамасыз етумен қамтылады. Оқуды аяқтағаннан кейін түлектерге жұмысқа орналасып, әскери қызметін жалғастыруға кепілдік беріледі», – деп атап өтті институт бастығының орынбасары, полковник Ойрат Атықенов.

Ал Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері әскери институтында 18 әскери мамандық бойынша мыңнан астам курсант білім алып жатыр. Инсти-

тут 55 жыл ішінде 20 мыңнан астам офицер даярлаған.

Екі оқу орнында да білім алу толықтай мемлекет есебінен жүргізіледі. Курсанттар тегін біліммен, жатақханамен, тамақпен, әскери киіммен, медициналық қызметпен және ай сайынғы ақшалай төлеммен қамтамасыз етіледі. Оқуды тәмамдаған түлектерге «лейтенант» әскери атағы беріліп, әскери қызметке орналасуына кепілдік жасалады.

Институтта курсанттарды әлеуметтік қолдауға ерекше көңіл бөлінеді. Оқу толықтай мемлекет есебінен қаржыландырылады. Курсанттар тегін жоғары біліммен, күніне үш мезгіл тамақпен, әскери киіммен, жатақханамен, медициналық қызметпен және ай сайынғы ақшалай қамтамасыз етумен қамтылады. Бірінші және екінші курс курсанттарына ай сайын 15 786 теңге, үшінші және төртінші курс курсанттарына 27 786 теңге көлемінде ақшалай төлем төленеді.

Құжат қабылдау 31 шілдеге дейін жалғасады. Қабылдау емтихандары 1–20 тамыз аралығында өтеді. Талапкерлер 2026 жылғы ҰБТ нәтижесімен, медициналық және кәсіби-психологиялық іріктеуден, сондай-ақ дене даярлығы бойынша сынақтардан өтуі тиіс. Ең төменгі өту балы – 50.

Дана САДЫРҚАН

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Біздің мегаполисте орналасқан Кардиология және ішкі аурулар F3I – еліміздің жетекші ғылыми-клиникалық орталықтарының бірі. Мұнда барлық өңірден келетін жүрек-қан тамырлары жүйесінің, ішкі ағзалардың күрделі аурулары және коморбидті патологиялары бар пациенттерге мамандандырылған, жоғары технологиялық, стационарлық, стационарды алмастыратын және амбулаториялық медициналық көмек көрсетіледі. Біздің бүгінгі сұхбат Кардиология және ішкі аурулар F3I Басқарма төрағасы Рүстем ТӨЛЕУТАЕВПЕН өрілді.



ӘР ЖҮРЕК – АМАНАТ

– Рүстем Мұхтарұлы, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, қанайналым жүйесі аурулары әлемдегі өлімнің негізгі себебі болып қалып отыр. Біздің елдегі жағдай қандай?

– Медицинаның елеулі жетістіктеріне қарамастан, иә, ол рас. Қазақстанда бұл бағытта оң үрдіс байқалады. 2021–2025 жылдар аралығында қанайналым жүйесі ауруларынан болатын өлім көрсеткіші 35,1 пайыз, сырқаттанушылық деңгейі шамамен 15 пайыз төмендеді. Бұл ахуал әлемдік тенденцияға сәйкес келеді.

Қазақстан – профилактикалық бағдарламаларды кеңейту, скринингтік тексерулерді дамыту, кардиологиялық көмекті жетілдіру және жоғары технологиялық медициналық көмекті өрістету нәтижесінде жүрек-қан тамырлары ауруларын қоса алғанда, жұқпалы емес аурулардан болатын мерзімінен бұрын болатын өлімді төмендету жөніндегі Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының нысаналы көрсеткішіне қол жеткізген Орталық Азиядағы алғашқы мемлекет болды.

– Елімізде қанайналым жүйесі ауруларынан болатын өлім мен сырқаттанушылықты төмендетуге қандай іс-шаралар ықпал етті?

– Өлім көрсеткішінің төмендеуі – мемлекеттің жүйелі жұмысының нәтижесі. Елімізде 2024–2026 жылдарға арналған Қанайналым жүйесі аурулары кезінде медициналық көмекті жетілдіру жөніндегі жол картасы және қанайналым жүйесі ауруларын ерте анықтауға бағытталған скринингтік бағдарлама сәтті іске асырылуда. Денсаулық сақтау министрлігі жүзеге асырып жатқан ұйымдастырушылық және медициналық іс-шаралар кешені қанайналым жүйесі ауруларынан болатын өлім мен сырқаттанушылықты төмендетуге мүмкіндік берді.

Бұған ықпал еткен негізгі іс-шаралар: консульттік және кардиологиялық орталықтар желісінің дамығаны; жүрекке жасалатын жоғары технологиялық операциялар санының артқаны; жедел медициналық жәрдем қызметінің жетілдірілгені; миокард инфаркті мен инсультті емдеудің заманауи клиникалық хаттамаларының енгізілгені; халықты профилактикалық қарап тексерумен және диспансерлік бақылаумен қамтудың кеңейтілгені; кардиохирургиялық көмектің қолжетімді бола түскені; артериялық гипертензия және жүректің ишемиялық ауруы бар



пациенттерді дәрілік қамтамасыз ету жүйесінің жақсарғаны.

Институтымыздың клиникасында ем қабылдайтын пациенттердің басым бөлігі – қанайналым жүйесі аурулары бар науқастар. 2025 жылы клиникада 8111 пациент ем қабылдаса, биылғы 1-ші тоқсанда олардың саны 1829 болды. Осы пациенттердің 60 пайыздан астамы қанайналым жүйесі ауруларымен ауырғандар. Ал пациенттердің 6,9 пайызына тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және МӘМС шеңберінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетілді.

– Институт базасында елімізде алғаш рет үйлестіруші және мамандандырылған орталықтар құрылғанынан хабардармыз. Солардың бірі – Артериялық гипертензия орталығы. Осы орталықтың қызметі туралы тарқата отырсаңыз.

– Артериялық гипертензия орталығының мамандары резистентті және жалған резистентті артериялық гипертензияның, жүктілік және босанғаннан кейінгі кезеңдегі гипертензиялық жағдайлардың дифференциалды диагностикасын жүргізеді. Артериялық гипертензиясы бар пациенттерді емдеп, оларды ұзақ мерзімді бақылауға алады, бейінді мамандармен бірлесіп кешенді медициналық көмек көрсетеді.

Біздің институтқа Еуропалық

артериялық гипертензия қоғамының «Hypertension Excellence Centre» мәртебесі берілді. Бұл статус институттың артериялық гипертензия мен жүрек-қан тамырлары ауруларын диагностикалау, емдеу және алдын алу саласындағы жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес келетінін растайды.

Hypertension Excellence Centre бағдарламасы – Еуропалық артериялық гипертензия қоғамының жетекші клиникалық және ғылыми орталықтардың халықаралық желісін қалыптастыруға бағытталған бастамасы. Ал Excellence Centre мәртебесі Еуропалық артериялық гипертензия қоғамының қатаң сараптамалық сүзгісінен өтіп, белгіленген сапа талаптарына тұрақты түрде сәйкес келетін медициналық ұйымдарға ғана беріледі.

– Институт мамандар даярлай ма? Қандай білім беру бағдарламалары бар?

– Бізде резидентураның 9 білім беру бағдарламасы жүзеге асырылады. Оның ішінде ересектер және балалар кардиологиясы, сондай-ақ кардиохирургия мамандықтары бар. 2023 жылмен салыстырғанда, резидентурада білім алушылар саны бүгінде 2,5 есе артты. Егер 2023 жылы «Кардиология (ересектер, балалар)» білім беру бағдарламасы бойынша 27 резидент оқыса, 2025 жылы олардың саны 69 болды. Яғни институт ұлттық денсаулық сақтау

жүйесі үшін бәсекеге қабілетті мамандар даярлап келеді. Соның бір дәлелі: биылғы маусым айында институт институционалдық аккредиттеуден, сондай-ақ резидентураның білім беру бағдарламалары бойынша 5 жыл мерзімге – аккредиттеу талаптарында көзделген ең жоғары мерзімге – мамандандырылған аккредиттеуден сәтті өтті.

Резиденттер оқудың алғашқы күнінен бастап профессорлардың клиникалық аралауларына, ғылыми-практикалық талқылауларға тең құқықты қатысушы ретінде қатысады. Жас мамандарға тәжірибелі профессор-тәлімгерлердің бекітілуі жаңа буын дәрігерін даярлауға мүмкіндік береді.

– Қанайналым жүйесі аурулары бойынша ғылыми бағытта қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Ғылым – институт қызметінің негізгі стратегиялық бағыттарының бірі. Жас ғалымдарды қолдау және перспективалы ғылыми зерттеулерді дамыту мақсатында ішкі гранттық қаржыландыру жүйесі енгізілді. Қазіргі күні 5 бастамашыл ғылыми жоба жүзеге асырылуда. Алдағы уақытта бұл жобалар ірі ұлттық және халықаралық ғылыми зерттеулердің негізіне айналуы мүмкін.

Институт клиникалық тәжірибенің нақты деректерін жинауға, медициналық көмектің сапасын жетілдіруге және дәлелді меди-

цина қағидаттарын практикаға енгізуге мүмкіндік беретін тіркелімдік (регистрлік) клиникалық зерттеулерге белсенді қатысады.

Сонымен қатар, жүрек-қан тамырлары патологиясы бар пациенттерді емдеудің жаңа әрі тиімді әдістерін іздеуге және денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге арналған дәлелді ғылыми негіз қалыптастыруға бағытталған биомедициналық зерттеулер қарқынды дамып келеді.

– Қол жеткен табыстарға тоқмейілісіп қарап отыратын уақыт емес екені белгілі. Институттың алдағы жоспары қандай?

– Жуырда ғана күшіне енген жаңа Конституция әділдік, қолжетімділік және профилактика қағидаттарына негізделген денсаулық сақтау жүйесінің заманауи моделін бекітті. Мемлекет азаматтарға медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді өз мойнына алып, денсаулық сақтау жүйесін, медициналық ғылымды және заманауи технологияларды дамытуға қажетті жағдайлар жасауда. Қабылданған өзгерістер – денсаулық сақтау жүйесін, әлеуметтік саясатты және еліміздегі өмір сапасын одан әрі дамытудың берік негізі. Ал біздің міндет – осы конституциялық нормаларды іс жүзінде тиімді жүзеге асырып, әрбір азамат олардың нақты нәтижесін сезіне алатындай жағдай жасау.

Сондықтан Мемлекет басшысы айқындаған мақсаттарды конституциялық реформаның қағидаттары негізінде іске асырудың жауапты кезеңі басталып отыр. Конституциялық өзгерістер медициналық ғылымды, инновацияларды және жоғары технологияларды дамытуға қосымша мүмкіндік береді. Алдағы уақытта жасанды интеллекті, цифрлық медициналық сервистерді, диагностика мен емдеудің заманауи әдістерін енгізу жұмыстары жалғасын табады.

Біз алдымызға мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмекті одан әрі дамыту арқылы көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыру және пациенттердің ең заманауи медициналық технологияларға қолжетімділігін қамтамасыз ету; институттың клиницистерінің профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлерінің кәсіби дамуын үздіксіз жетілдіру; ғылыми-зерттеу қызметін одан әрі күшейту; институттың халықаралық беделін нығайту мақсатында медициналық туризмді дамыту сынды ауқымды міндеттер қойып отырмыз.

Осы орайда біздің клиникада ем алатын шетелдік пациенттердің саны жыл сайын артып келе жатқанын атап өткім келеді. Олардың басым бөлігі кардиология, кардиохирургия, интервенциялық кардиология, аритмология және медициналық оңалту бағыттары бойынша медициналық көмекке жүгінеді.

Біздің басты мақсат – институттың Орталық Азиядағы жетекші ғылыми-клиникалық орталықтардың бірі ретіндегі ұстанымын одан әрі нығайту. Ал ешқашан өзгермейтін басты қағидат – адам денсаулығы, оның жүрегінің амандығы. Жұдырықтай жүрек – бізге аманат.

– Сұхбатыңыз үшін рахмет!

Сұхбаттасқан
Нұржамал ӘЛІШ

www.aqshamnews.kz

РЕСМИ БӨЛІМ

№68 (6746) 24 шілде, 2026 жыл

ALMATY AQSHAMY

11

«Almaty aqshamy» – елдегі ең ірі мегаполистің бас басылымы. Алматылықтарға етене, ел оқыр-мандарына ортақ газет – қазақ журналистикасының дәстүрлі мек-тебі мен заманауи ой алаңы.

«Ақшам» бетінде Алматы ай-шықтарымен қатар тұтас елді тол-ғандыратын тақырыптарды таба аласыз. Тұрмыстық мәселелерден тартып, іскерлік ортаға дейінгі та-қырыптарға талдамалық, сарапта-малық жауаптарды аласыз.

Бізге жазылыңыз!

Алматыдағы өнер мен әде-биеттің, сән мен шоу-бизнестің соңғы трендтерінен қалыс қалма-ңыз!

Басылымға «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдік-терінде жазылуға болады.

Бізді онлайн оқуға болады: aqshamnews.kz

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 248-49-55.

2026 жылға басылымға жазылу науқаны жалғасып жатыр

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503
Жеке жазылушылар үшін:

15503
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:

95503
Зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін:

1 айға – 835,96 теңге.

3 айға – 2507,88 теңге.

5 айға – 4179,80 теңге.

1 айға – 1431,83 (қала), 1035,96 (ауыл) теңге.

3 айға – 4295,49 (қала), 3107,88 (ауыл) теңге.

5 айға – 7159,15 (қала), 5179,80 (ауыл) теңге.

1 айға – 615,96 теңге.

3 айға – 1847,88 теңге.

5 айға – 3079,80 теңге.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді Post.kz сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн-режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет Post.kz- пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі.

Қызмет 24/7 қолжетімді.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 22 шілдедегі
№3/405-1125 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
1) 2024 жылғы 24 желтоқсандағы №4/530-2758 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 20 жол келесі редакцияда мазмұндалсын:
«

20.	Доскелдиева Айгуль Акимжановна, Нуражиева Алтынхан, Нуражиев Мухит Нургожаевич	20-313-033-027	Вахтангов тар көшесі, 16-үй, 7-пәтер	жалпы - 0,0744 үлесі - 0,0166
-----	--	----------------	--------------------------------------	-------------------------------

»;
2) 2025 жылғы 30 шілдедегі №4/470-1105 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 22 жол келесі редакцияда толықтырылсын:
«

22.	Репетунова Галина Владимировна, Репетунов Александр Андреевич	20-313-033-124	Вахтангов көшесі, 9 А үй	жалпы- 0,0849 үлесі-0,0293
-----	---	----------------	--------------------------	----------------------------

»;
3) 2025 жылғы 6 қарашадағы №4/675-1248 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 30 жол келесі редакцияда толықтырылсын:
«

30.	Орлеанский Сергей Арнольдович	20-317-095-288	Жангелдин көшесі, 269-үй, 1-пәтер	жалпы- 0,1228 үлесі - 0,0614
-----	-------------------------------	----------------	-----------------------------------	------------------------------

»;
4) 2025 жылғы 10 қарашадағы №4/675-1365 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 18 жол келесі редакцияда толықтырылсын:
«

18.	Жукова Валентина Владимировна	20-315-005-351	Медеу ауданы, Саратов көшесі, 63/33	0,0710
-----	-------------------------------	----------------	-------------------------------------	--------

»;
реттік нөмірі 44 жолы алынып тасталсын;
5) 2026 жылғы 30 мамырдағы №1/1-409 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 7 жол келесі редакцияда толықтырылсын:
«

7.	Турдыметов Нурбол Атабекович, Турдыметова Динара Халмахановна	20-317-107-484	«Қайрат» шағынауданы, Сарыарқа көшесі, 43	жалпы—0,0700 иеліктен шығарылатын ауданы - 0,0047
----	---	----------------	---	---

»;

6) 2026 жылғы 19 маусымдағы №2/295-882 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»:
аталған қаулының қосымшасындағы:
реттік нөмірі 26 жол келесі редакцияда толықтырылсын:
«

26.	«ATU Auto» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-317-103-657	Түрксіб ауданы, «Нұршашқан» шағынауданы, 340 А учаске	1,8379
-----	---	----------------	---	--------

»;
2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 22 шілдедегі
№3/405-1126 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 23 сәуірдегі №2/195-549 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжы-майтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 23 сәуірдегі №2/195-549 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:
аталған қаулының 1 тармағы келесі редакцияда мазмұндал-сын:
«1. Ұлттық қауіпсіздік мұқтаждары үшін «Ле Монлид Қазақ-тан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Медеу ауданы, Құлжа тас жолы, 22/2 учаске мекенжайы бойынша орна-ласқан, кадастрлық нөмірі 20-315-061-363, жалпы ауданы 2,6031 га жер учаскесінен ауданы 0,7367 га жер учаскесін мемле-кет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бастал-сын.».
2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ

«Almaty aqparat» медиахолдингінің ұжымы әріптесіміз Думан Анашқа әкесі

Нұрлан Кәмілжанұлы АНАШОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55.

E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі
E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: тел.: 248-49-55.
8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор – Дана САДЫРҚАН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ KZ51VPY00150334
куәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ЖҰМАНЫҢ ЖҮГІ

ҮШ ӘЙЕЛІ БАР ҰАҒЫЗШЫ

жауапқа тартылды

Алматыда әлеуметтік желілерге жүргізілген мониторинг барысында полиция көп әйел алуды ашық насихаттаған азаматты анықтап, жауапкершілікке тартты. Құқық қорғау органдарының мәліметінше, автордың жеке басы анықталып, оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 456-2-бабының 3-1-бөлігі бойынша әкімшілік хаттама толтырылған. Профилактикалық түсіндіру жұмыстарынан кейін азамат жариялаған материалдарын әлеуметтік желідегі парақшасынан өз еркімен өшірген.



Полиция әлеуметтік желілердің қоғамдық ақпараттық кеңістік екенін еске салып, заң талаптары мен қоғамдағы моральдық-этикалық нормаларға қайшы контентті тарату жауапкершілікке әкелетінін мәлімдеді.

Бұл оқиға қоғамда қызу талқыланып жатқан тағы бір мәселемен тұспа-тұс келді. Соңғы күндері Threads платформасында көпшілікке танымал екі блогердің діни неке қиюы мен «тоқал» мәселесін ашық жариялауы қоғам пікірін екіге жарған еді. Бір тарап: «Әркімнің жеке таңдауы, оған араласудың қажеті жоқ» десе, екінші тарап мұндай әрекеттерді әлеуметтік желіде жария түрде көрсету жастардың сана-санауына кері әсер ететінін айтады. «Қоғам алдында жүрген адамдар мұны дәстүр немесе дін деп көрсетіп, қалыпты құбылысқа айналдырып жатыр. Мұны көріп өскен жастар қандай үлгі алады?» деген пікірлер жиі жазылуда. Тіпті кейбір қолданушылар тиісті органдарға шағым түсіргендерін де жасырмайды.

Әлеуметтік желілердегі жазбалардың бірінде: «Өміріңді бірге бастап, жоқшылықты бірге көріп, енді жақсы өмір басталады дегенде басқа әйел алады...» деген пікір мыңдаған адамның қолдауына ие болды. Бұл қоғамдағы көптеген әйелдің көңіліндегі күйзелісті аңғартады.

Қазақ қоғамында тоқал алу ұғымы болғаны рас. Алайда, оның қазіргі әлеуметтік желілерде көрсетіліп жүрген көрінісі тарихи шындықпен толық сәйкес келе бермейді. Дәстүрлі қоғамда тоқал – заңды түрде некеге алынған әйел. Мұндай жағдайда ер адам әр әйеліне жеке шаңырақ көтеріп, материалдық тұрғыдан қамтамасыз етуге, барлық баласына тең қарауға міндетті болған. Бірнеше әйел алу еркіндік емес, үлкен жауапкершілік саналған. Тарихта мұндай қадам көбіне нақты себептермен жасалған. Бірінші әйелден ұрпақ болмаған жағдайда әулетті жалғастыру, әмеңгерлік дәстүрі арқылы жесірді қамқорлыққа алу, қорғансыз әйелге әлеуметтік қолдау көрсету

сияқты жағдайлар кездескен. Ал жеке құмарлық үшін бірнеше әйел алу халық арасында ешқашан мақұлданбаған.

Қазіргі Қазақстанда заң бір азаматтың некені ғана мойындайды. Ал діни неке заңдық кепілдік бермейді. Соның салдарынан әйелдің де, дүниеге келген баланың да мүлкікті әрі әлеуметтік құқықтары қорғалмай қалуы мүмкін. Көп әйел алуды жақтаушылардың ең жиі айтатын уәжі – «дінде рұқсат бар». Алайда, исламда мұндай рұқсаттың басты шарты – әділдік. Әділдік уақытты, көңілді, құрметті тең бөлу және ешбір әйелдің құқығын шектемеу.

Заманауи әлеуметтік өмірде мұндай талаптардың толық орындалуы екіталай. Мәселе талаптардың орындалуында емес, мұнда тапталған әйел құқығы мен балалардың психологиялық жағдайы алаңдатады. Кейбіреулер мұндай некені бірінші әйелдің келісімімен түсіндіреді. Бірақ келісім әрдайым еркін таңдау бола бере ме? Әлде әйел отбасының сақталуын ойлап, қоғамның қысымынан немесе басқа амалы болмағандықтан көнуге мәжбүр ме? Бұл – жауап іздеуді қажет ететін маңызды сұрақ.

Біздің ең басты құндылығымыз – құқықтық, зайырлы, Тәуелсіз еліміз. Ал әлеуметтік желі – миллиондаған адамның ақпарат алатын алаңы. Сондықтан көпшілікке танымал адамдардың әрбір әрекеті қоғамға әсер етеді. Егер заң мойындамайтын өмір салты романтикаландырылып, сәнге айналдырылса, оның салдары ең алдымен жастардың көзқарасына ықпал етеді. Бірақ бірнәрсе анық: тарихта болғанның бәрін бүгін өзгеріссіз қайталау міндет емес. Қазіргі қоғамның басты құндылығы – адамның қадір-қасиеті, отбасының тұрақтылығы, әйел мен баланың құқығы және ер-азаматтың өз жауапкершілігін толық сезінуі. Егер осы құндылықтар ескерілмесе, онда мәселе дәстүр туралы емес, қоғамда қалыптасып келе жатқан жаңа әлеуметтік түйткілге келіп тіреледі.

Дана САДЫРҚАН,
Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

ИППОТЕРАПИЯ

АТҚА МІНУ АДАМДЫ ЕМДЕЙДІ

Кейінгі үш жылдан бері Алматы ипподромында дамуында ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған иппотерапия бойынша ашық сабақ өте бастаған еді. Оң нәтижесі де жоқ емес, қазіргі кезде ата-аналардың сұрауы бойынша атқа міну арқылы емдеу сабағы аптасына үш рет өтетін болған.

Жалпы, Иппотерапия сабағының тұрақты өтуіне қалалық «Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» тікелей ықпал етіп отыр. Бұл ретте мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс барысында ерекше қажеттіліктері бар балаларды кешенді оңалтудың заманауи әдістерін насихаттап қана қоймай, ата-аналардың да иппотерапияның мүмкіндіктері туралы хабардар болуына мүмкіндік жасап отыр.

Қазіргі кезде Иппотерапия әдісі әлемде де медициналық-әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық оңалтудың таңылған әдістерінің біріне айналған. Жылқының табиғи қозғалысының арқасында сабақ кезінде балалардың үйлесімділігі жақсарады, қозғалыс дағдылары қалыптасады, бұлшық ет корсеті нығаяды, тепе-теңдік және кеңістікті бағдарлау сезімі дамиды. Бұл сәттегі балалардың эмоциялық жағдайындағы оң өзгерістер де маңызды болып саналады. Сонымен қатар, алаңдаушылық деңгейі төмендеп, баланың өзіне деген сенімділігі нығаяды, коммуникативтік қабілеттер мен әлеуметтік бейімделу дағдылары дамиды...

Осындай іс-шараларды өткізу қазіргі оңалту қызметтерінің қолжетімділігін арттыруға, қоғамның инклюзия мәселелеріне



оң көзқарасын қалыптастыруға ықпал етіп отыр. Сондай-ақ, балалардың құқығы мен әл-ауқатын қорғау мүддесінде мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес сектордың және кәсіби қоғамдастықтың өзара іс-қимылын нығайтуға оң әсер береді.

«Балалар – ел болашағы» РҚБ директоры Г.Өтепқалиеваның айтуынша, бұл жоба бір жағынан емдеу-сауықтыру жұмысы болса, енді бір жағынан насихаттау шарасы. Яғни иппотерапияны дамуында ерекше қажеттіліктері бар балаларды кешенді оңалтудың тиімді әдісі ретінде көрсете отырып, инклюзивті практикаларды насихаттауға болады. Сол арқылы қазіргі заманғы әлеуметтік қызметтер туралы да халықтың хабардар болуына ықпал етпекші.

Рая ЕСКЕНДІР.

Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

